



**Ж. ТАЛАСПАЕВА**  
**М. ЕСМАТОВА**

**ОНОМАСТИКАЛЫҚ**  
**АТАУЛАРДЫҢ ТАРИХЫ МЕН**  
**ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

20  
T16  
k

22/VII 22 Capone A

A hand-drawn ledger table on aged paper. The table consists of a header section and a main body. The header section has three rows: the first row is a single horizontal line; the second row has a vertical line on the left side, creating a narrow column; the third row is a single horizontal line. The main body of the table has four columns and seven rows. The columns are defined by vertical lines: the first column is narrow, the second is wider, the third is the widest, and the fourth is narrow. Each cell in the table is empty.



Ж. ТАЛАСПАЕВА  
М. ЕСМАТОВА

# ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ТАРИХЫ МЕН ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

(Қызылжар, Есіл аудандары  
материалдарының негізінде)

І ТОМ

*С. Мұхамедов ақпарат*  
*облыстық кітапхана*  
*сегізінші кат.*

*Ақыл*

*27.03.2018*

Астана, 2017

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2 Қаз-03  
Т 16

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің  
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылды.  
(№ 5 хаттама 02.11.2017ж.)

**Пікірсарапшылар:**

С.Торайғыров атындағы ПМУ профессоры, ф.ғ.д., Р.Тұрышов  
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, ф.ғ.д., М.Оразбек  
М.Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры, ф.ғ.к., Ж.Қадыров

**Таласпаева Ж.С., Есмадова М.Т.**  
Т16 Ономастикалық атаулардың тарихы мен лингвистикалық сипаты:  
Монография. – Астана қаласы: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ,  
2017. – 128 б.

ISBN 978-601-7355-40-1


*k - 53687*

Монографияда Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар және Есіл аудандарының ономастикалық атаулары жинақталып, саралана келе, олардың шығу тарихы, лексика-грамматикалық тәсіл арқылы жасалу жолдары талданған. Зерттеу нысаны ретінде талдауға түскен жергілікті жердің көне топонимдері тарихи лексика материалдары ретінде аса құнды. Еңбек филология мамандықтарының студенттері мен магистранттарына, қазақ тіл білімі мамандарына, жалпы ономастика мәселелерін зерттеуге қызығушылық танытатын ізденушілерге арналады.

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2 Қаз-03

ISBN 978-601-7355-40-1

©Таласпаева Ж.С., Есмадова М.Т. 2017



## КІРІСПЕ

Еліміздегі мемлекеттік тіл саясатының басты бағыттарының бірі, әрі бірегейі – ономастика саласы. Қазақ топонимикасы, жалпы ұлттық рухани байлығымыздың, этникалық мәдениетіміздің ежелден келе жатқан құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, ономастика мәселесі қазіргі таңда үлкен саяси-идеологиялық мәнге ие болып отыр. Ол – халқымызды ұлтжандылық рухқа тәрбиелейтін, рухани, мәдени маңызы зор факторлардың бірі екендігі даусыз.

Тіліміздегі түрлі атаулардың шығуы, пайда болуы әртүрлі қоғамдық дәуірлерге тән қасиет. Осындай тарихи ономастиканың халық тарихы мен салт дәстүрінің байланысына сай өзіндік ерекшеліктері де бар. Бұл ретте ономастиканың ең алдымен тіл тарихына тән лингвистикалық ғылым екенін айту керек. Өйткені онымен жер-су аттары халықтың бай тілінен жасалды. Сондықтан да олардың құрамында әр дәуірге, түрлі қоғамдық құрылысқа тән сөздер мен грамматикалық тұлғалар кездеседі. Елді мекен атаулары мен есімдер атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып ұзақ ғасырлар жасайды.

Тарихымызды тану мен құрметтеу елдің абыройын асыратын мәселе. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлы дала елі», «Мәңгілік ел» сияқты ауқымды стратегиялық маңызы зор идеялар мен «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Туған жер» деген сияқты мемлекеттік бағдарламалар ұсынды.

Осындай идеяларды жүзеге асыру мақсатында Қызылжар және Есіл аудандарының топонимикасын, яғни, кісі аттарымен қатысты атауларды, түр-түске, аңызға негізделіп қойылған атауларды, сондай-ақ, орыс тілінен енген атауларды талдау арқылы тіліміздің өткендегі тарихын, салт-дәстүрін, сенім-нанымын, тілі мен дінін айқындаймыз.

Ескі атауларды қалпына келтіру тарихи әділеттілікті орнату дегенмен бірдей. Тәуелсіздігімізге тәубе дей отырып, облыс аумағындағы отаршылық пен тоталитарлық дәуірлерден қалған атаулардан біртіндеп арылып келеміз.

Қызылжар және Есіл аудандарының ономастикалық атауларын жинап, жер-су атауларын талдау мақсатында төмендегідей міндеттерді шешуді көздедік:

– Ономастика саласының қазіргі заманда қолданылу өрісін анықтау;

– Қызылжар және Есіл аудандарындағы ономастикалық атауларды жинақтау, саралау;

– Аймақ атауларының шығу тарихын анықтау, сол атаулардың жасалу жолдарын талдау;

– Жер-су аймақтарының жасалу жолдарына грамматикалық талдау жасау.

Республика бойынша бүгінгі таңда бір мыңнан астам елді мекеннің атауы өзгертілсе, соның біразы біздің облысқа да тиесілі. Бұндай көрсеткішке зиялы қауым мен түрлі қоғамдық бірлестіктердің және жергілікті ономастика комиссиялары тарапынан ұзақ жылдар бойы тынымсыз жүргізілген жүйелі жұмыс

нәтижесінде қол жеткіздік. Дегенмен облысымызда кешегі отаршылдық, кеңестік саясаттан қалған атаулар әлі басымдық танытады.

Ендігі алда тұрған біздің міндет – жер-су атауларын жинау, олардың шығу, пайда болу себебін анықтау, әрбір атаудың мән-мағынасын ашу.

Зерттеу материалдары мен дереккөздері ретінде тақырыпқа қатысты жер-су атаулары, физикалық-географиялық атаулар туралы мәліметтер, түркі және орыс тілдерінің тарихи-этимологиялық сөздіктері, Солтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, сондай-ақ, ономастикалық комиссияның құжаттары мен шешімдері, облыстық, аудандық мұрағат деректері, ауыл ақсақалдарының әңгімесі пайдаланылды.

Зерттеу еңбегінің практикалық маңызы:

1. География, тарих пәнінің мұғалімдеріне, студенттер мен оқушыларға Қызылжар және Есіл аудандарының жер-су атауларының шығу тарихы мен олардың мағынасы жөнінде мағлұмат береді;

2. Аңыз-әңгімелер және құжаттарға сүйенген нақты фактілердің жинақталуы мақала жариялауда, диссертацияларда, ғылыми жобаларда мәлімет ретінде пайдалануға болады.

3. Солтүстік Қазақстан облысының ономастикасымен айналысып, кейбір топонимикалық атауларға түзетулер мен өзгерістер енгізу жұмыстарында септігін тигізеді деп сенеміз.

Елді мекен атаулары еліміздің бай тарихы мен ғажайып табиғатының атауы. Сондықтан өлкетануға

байланысты жарық көрген кез келген еңбек алдымен, туған өлкеге деген құрмет болса, екіншіден, болашақ ұрпақтың патриоттық рухын көтеретін, ұлттық танымын қалыптастыратын қажет игі іс.

Болашақта еліміздің атауларын жаңғыртуда жергілікті жердің және жалпы мемлекетіміздің атақты тұлғаларын ұлықтап, ұлттық бірегейлігімізді нығайту мақсатын санамызда берік сақтауымыз қажет. Солтүстік Қазақстан облысының қасиетті топырағы – елін, жерін қорғаған батыр, асылдардың тұяғы Қожаберген жырау туған өлке, әуелетіп ән салған Сегіз сері, Үкілі Ыбырай, Біржан салдың атажұрты, ақындардың ақыны Мағжан Жұмабаев, сөз зергері Ғабит Мүсірепов, халық жазушысы Сәбит Мұқановтың сүйген мекені. Ұлттық нышанның белгісі болған атамекен атаулары өзгерер сәтін күтуде. Олай болса, туған жеріміздің бағзы атауларын жадымызда қайта жаңғыртып, ғылыми дәйектелген зерттеу жұмыстарын жүргізу және оны қолданысқа енгізу бүгінгі ұрпақтың парызы.

Тәуелсіз мемлекетіміздің абыройын асырып, шежірелі тарихынан сыр шертетін атауларды молайта түссек мәңгілік еліміздің мәңгілік тарихы мен болашағын жарқырата түсеріміз анық.



## ОНОМАСТИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ САЛАЛАРЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ

Халықтың қандай да бір лингвомәдени ерекшелігі, ғаламды тануы мен түсінуі белгілі бір жалқы есімдер арқылы беріледі. Яғни жалқы есімдер онимдер арқылы ұлттық дүниетанымды білдіре отыра, әлемнің ономастикалық бейнесін тудырады. Ономастика – тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы және оның жиынтығы, жалқы есімдерге, жер, су, ру, тайпа, ел-жұрт, халық, ұлт аттары, кісі есімдері, жан-жануарлардың атаулары, астрономиялық атаулар жатады.

Ономастиканың басты бөлімдері: топономика, антропонимика, этнонимика, космономия, зоонимия, т.б. Ономастика – лингвистика, география, этнография, тарих ғылымдарымен бірге зерттеледі. Көне топонимдер жер-су аттары, ертедегі, тайпалармен халықтардың белгілі бір аймақта өмір сүргенін, таралуын, көшіп-қону жайын анықтауына септігін тигізеді [1, 686.].

Бүгінде ономастика лингвистикалық, экстралингвистикалық, тарихи-этнологиялық тұрғыдан талдап зерттеуді қажет ететін сала екендігі дәлелденді. Себебі ономастика материалдарында тарихи лексиканың, грамматикалық көне тұлғалардың, халық тарихының, оның басқа елдермен қарым-қатынасының, мәдени-экономикалық байланысының іздері жатыр.

Топонимика – дәстүрлі ғылыми парадигмада негізінен тіл, география және тарих ғылымдарының

тоғысуы нәтижесінде пайда болғаны белгілі. Алайда бүгінде топонимиканы зерттеуде өзге пәндердің үлесі артып отырғанын көреміз. Бұл туралы қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік қырлары мен этномәдени негіздерін айтуға болады.

Топономика (грекше «*toros*» – орын, жер және «*оποτο, опута*» – ат, атау) – ономастиканың жер-су, елді мекен атауларының шығуы мен пайда болуын (этимологиясын), мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, грамматикалық, фонетикалық пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін құрамдас бөлігі. [2,34б.] Ол география, тарих, тіл білімі, этнология ғылымдарының деректеріне сүйеніп, өзара байланыста дамиды. Кез келген аумақтың географиялық атауларының жиынтығы сол жердің топонимиясын құрайды. Олар зерттелетін географиялық нысандардың көлеміне не мөлшеріне қарай макротопонимдерге (тау жоталары, үлкен ойпаттар, мұхиттар, т.б.), мезотопонимдерге (жеке таулар, теңіздер, т.б.), микротопонимдерге (көл, бұлақ, құдық, қоныс, т.б.) бөлінеді. Пайда болуы жағынан эндоним және экзонимдерге жіктеледі.

Біріншісі – жергілікті халықтың өзі тұратын жердегі географиялық нысандарға берген атаулары; екіншісі – сол жерге отарлаушылардың не сырттан келгендердің берген атауы. Топонимдердің, әсіресе, эндонимдердің ең негізгі қасиеті - олардың тұрақтылығы, сол үшін де мұндай атаулар адамзат тарихы, мәдениеті және тілі жөнінде көне ғылыми мәліметтер береді. Мысалы,

география атаулардың құрамын зерттеу сол аймақты ежелгі заманда қандай тайпалар, халықтар мекендегенін анықтауға, олардың өткен тарихының ерекшелігін қалпына келтіруге, тараған жерінің шекарасын белгілеуге, орын ауыстыру бағытын шамалауға, сауда жолдарын т.б. білуге болады. Осы мағынада топонимдер (жер-су, елді мекен, халық атаулары) тарих, этнология, археология және тіл біліміне нақтылы мағлұмат береді [2, 123б.].

Топонимиканың жер бедері сипатын (ороним), кен байлықтарын (геоним), су жағдайын (гидроним), өсімдік (фитоним) пен жануарлар (зооним) дүниесін анықтауға да тигізер пайдасы орасан зор. Топоним тіл тарихын (тарихи лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық, диалектологиялық, этимологиялық) зерттеуде маңызды дереккөзі болып саналады. Өйткені кейбір топонимдер (әсіресе, эндооронимдер мен эндогидронимдер) архаизмдер мен диалектизмдерді тұрақты сақтайды, көбінесе олар сол аймақты мекендеген халықтың субстрат тілдерінен бай мағлұмат береді. Топонимдердің халық берген дұрыс нұсқасын барлық жағдайда және басқа тілдерде дұрыс жазылуының маңызы зор. Жергілікті географиялық атауларды басқа тілдерге қатесіз берудің іс жүзіндегі жолы-транскрипция (айтылуы) мен транслитерация (жазылуы) әдістері болып табылады.

Бұл әдістердің географиялық нысандары картаға, атласқа түсірілгенде, түрлі әдебиет, бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде және коммуникацияның

барлық саласында олардың атауларын дұрыс жазуға көмектесетіні анық. Топономика нысан ерекшелігіне байланысты жоғарыда аталғандардан басқа бірнеше топқа жіктеледі: топоним (жер-су атаулары), ойконим, эргоним, идеоним, мифоним (аңыз-әңгіме, эпостардағы қиялдан туындаған атаулар), спелоним (ұңгір атаулары), инсулоним (арал атаулары), урбаноним (қала көшелерінің атаулары), хороним (әкімшілік-аумақ атаулары); некронимдер (мола, зират атаулары), дромоним (жол қатынасы тораптарының атаулары), дримоним (орман, тоғай атаулары), агронимдер (дала, жер атаулары), космоним (аспан атаулары), хромоним (тарихи даталардың атаулары), анемоним (табиғи зілзала атаулары), теоним (құдай атаулары), Сондай-ақ, топонимдер өзге ономастикалық топтағы сөздерге антропоним (кісі есімдері атаулары), этноним (ру-тайпа атаулары) деген сияқты салалар зерттеу нысанына айналды.

Трансонимистикалау құбылысы нәтижесінде ондай онимдер топонимдер қатарына ауысып, антропоним, зоотопоним, фитотопоним, этнотопоним, мифотопоним, т.б. терминдермен белгіленеді.

Қазақ ономастикасы 1950 жылдардан бері ғана жүйелі зерттеле бастады. Қазақ тілінің топономикасын Ғ.Қоңқашбаев «Қазақстан халықтық географиялық терминдері», А.Әбдірахманов «Қазақстан топонимдерінің кейбір мәселелері», В.Н.Попова «Павлодар облысының гидронимдері», Е.Қойшыбаев «Жетісу топонимдерінің негізгі типтері», О.Султаньяев

«Кокшетау облысының топонимдері» атты ғылыми диссертациялар қорғады. Т.Жанұзақов түркологияда үшінші рет «Қазақ ономастикасының негізгі проблемалары» атты докторлық диссертация қорғады. Осы бағытта бірнеше еңбектер жарық көрді. Қазақстан егемендік алғаннан кейін тарихи атауларды қалпына келтіруге, жергілікті атауларды басқа тілдерде дұрыс жазуға, отарлаушылық атауларды өзгертуге көп көңіл бөлінуде. Қазақстан этнографиялық топонимдерінің қалыптасуы мен дамуына әсер етуші факторларды қатарына халықтың орналасуы, этникалық байланыс және этногенетикалық процестері жатады. Қазақ рударының белгілі бір аймақты иеленуі кейбір географиялық атаулардан да көрініп отырады. Сондықтан, этникалық атаулары белгілі бір жердің география-физикалық объектінің, елді мекеннің көрінісі ретінде қарау керек. Е.М.Поспелов былай дейді: «Көшпелі мал шаруашылығындағы қысқы, жазғы жайылымдар белгілі бір рудың атына бекітілген уақыт өте келе сол рудың аты кейін сол жерлердің де атына айналды. Сөйтіп, белгілі жерді ғана пайдалануды білдіретін генотопонимдер қалыптасқан [1, 1786.]».

Топонимдер жалқы есімдер болғандықтан, лингвистиканың үлкен бір саласы ономастиканың зерттеу нысаны екендігі белгілі. Ал ономастиканың зерттеу нысанының бір ерекшелігі ол тіл білімінің саласы бола тұра, атауға ие болған нысандардың саласына, ерекшеліктеріне байланысты этнографиялық, тарихи, географиялық, әлеуметтік, әдебиеттану элементтерін де

қамтиды. Осыған орай, ономастиканың кешенді сала деп те атауға болады. Ол жайында белгілі ғалым, қазақ ономастикасының іргетасын қалаған Т.Жанұзақ: «Ономастика – тілдің сөз байлығы, сөздік қормен, жалпы лексикамен тығыз байланысты. Ол осымен қатар тарих, этнография, этнология, география және эстетика, әдебиеттану, философия, биология сияқты ғылымның беделді салаларымен үнемі байланыс бірлікте. Бұл көрсетілген ғылым салаларымен бірлікте болғанымен, ономастика-лингвистикалық пән болып есептеледі. Өйткені оның зерттейтін негізгі объектісі – сөз. Жалпы тіл білімі, оның бір саласы ономастика тек қоғамдық ғылымдармен жанасып қоймай, әдебиет, мәдениет, география, психология, геология, зоология ғылымдарымен де ұштасып, байланысып жатады» – дейді [3, 77б.].

Топонимдік талдау жасағанда топонимдік ақпарат назарда болуы керек, себебі, топонимдердің барлығы – ақпарат тасушылар. Топонимдердің бойында этномәдени, әлеуметтік сипаттағы, ғылыми ақпарат – географиялық, тілдік және тарихи-деректік ақпараттар болады. Ол туралы ғалым А.В. Суперанская сөйлеу тіліндегі, тілдік және энциклопедиялық сипаттағы үш түрін көрсетеді.

Жалқы есімдерде энциклопедиялық ақпарат бар. «Оны атауды (номинацияны) қолданушы тілдік ұжымның барлығына түсінікті нысан туралы білімдердің кешені» деп сипаттайды [4, 23б.].

Ғалым Ю.А. Карпенко жалқы есімдердегі атаудың бес түрін көрсетеді: атаудың ұлт тіліне қатыстылығы,

атаудың сөзжасамдық моделі, этимологиялық мазмұны, түбірі (негіз сөзі), атау жасау кезіндегі жағдаят.

Қ.Рысберген топонимдік атауларға байланысты ақпараттың алты түрін атайды:

1) мекенжайлық (адрестік) ақпарат – атаудың әлеуметтік қызметі деп санайды;

2) этномәдени ақпарат – этностың қоршаған ортаны игеруі барысындағы дүниетанымы, кәсібі, шаруашылығы, наным-сенімі, мәдениеті, т.б. жатқызады;

3) тілдік ақпарат-семантикалық және сөзжасамдық құрылым, фонетикалық сипаты, атауға негіз болған уәж түрін жатқызады. Оны өзгермейтін атаудың негізгі және тұрақты ақпараты деп таниды;

4) ғылыми ақпарат – ол географиялық нысанның космофизикалық, геоморфологиялық қасиеттеріне байланысты объективті ақпарат түрлерін қосады;

5) тарихи-деректік ақпарат – атаудың пайда болуына қатысты нақты тарихи дерек, оқиға ықпал етеді;

6) лингвоәлеуметтік ақпарат – нақты бір атау туралы қоғамдағы, қазіргі кезеңдегі халық, әлеуметтік топтар арасындағы түрлі деректер, ассоциациялар, шартты түрде тарих болып үлгермеген немесе тарихилануға бейім ақпарат деп бөледі [5, 366.]. Міне, топонимнің бойындағы осы ақпараттар топонимдік талдау жасауға негіз болады және топонимжасамдық талдау кешенді түрде жүргізіледі. Яғни, ең алдымен атаудың жасалуына қатысатын тілдік бірліктер, мағына желісі қарастырылады, содан кейін тарихи-деректер немесе лингвоәлеуметтік жағдай сипатталады. Атаудың ме-

кенжайлылық, этномәдени, ғылыми ақпараттары топонимжасамдық талдауда қосымша ақпарат түрінде алынады.

Жалпы түркі тілдерінде, оның ішіндегі қазақ тіліндегі, географиялық терминдер, сан жағынан бай да алуан түрлі. Олар ғасырлар бойы қолданысқа түсіп, бір жағынан ескіріп жоғалып отырса, бір жағынан қоғамның дамуына байланысты жаңарып отырған.

Әсіресе, қазақ халқы соңғы 200-250 жылдың ішінде бодандықты, революция, коллективизация, Ұлы Отан соғысы, тың игеру, егемендік алу сияқты өзгерістер мен серпілістерді бастан кешті. Осыған орай, қала, ауыл, жер-су аттары үнемі өзгеріске ұшырады. Өзгермейтін терминдер, халықтың төл сөзі жер-су атауларын білдіретін жалпы есімдер.

Тіліміздегі географиялық терминдер бірнеше жікке бөлінеді. Олар:

1. Халықтық географиялық терминдер, жергілікті халықтың төл сөздері, яғни ғылым тілінде «апеллятивтер». Мысалы: тау, тас, көл, өзен, су, бұлақ, сай, төбе, шоқы, т.б.

2. Аббревиация. Мысалы, ҚР – Қазақстан Республикасы, СҚО – Солтүстік Қазақстан облысы.

3. Гидроним – өзен, көл, бұлақ, сай, құдық атаулары.

4. Ойконимия – елдімекен аттары, қала, ауыл, село, қалашық.

5. Оронимдер – тау, жота, қырат, төбе, бел, асу, шың, құз сияқты географиялық нысандардың атаулары.



6. Топоним – географиялық жалқы атаулар.

7. Урбоним – үлкен қала аттары.

8. Этпоним – этнос, халық аттары.

Географиялық терминдер, яғни топономика, гидроним, ароним, апеллативтер халықтың байрғы сөздерімен байланысып, бірігіп жасалады.

Жер тарихы ел тарихымен, сол жерді қоныстанған халық, ұлт ұлыстың тілі, діні, тыныс-тіршілігімен тығыз байланысты. Ұлттық қалып, ұлттық шеңбер аясында әр ұлттың басқаға ұқсамайтын тілі мен ділі, ойлау жүйесі, тарихы мен мәдениеті, яғни дүниетанымы бар. Өмір, қоршаған дүние туралы көзқарас - халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінің жемісі.

Ұлттық топонимиядағы сан ғасырлық бірегейлігі, қаймағы бұзылмаған тұрақтылығы сыртқы күштер ықпалымен түбегейлі өзгеріске ұшырай бастауы ХҮІІІ-ХІХ ғасырлар аралығынан ХХ ғасырдың бас кезеңдеріне дейін орын алды. Осыған байланысты ұлттық топонимикадағы «ақтандақтар» проблемасы жөнінде академик Ә.Қайдар: «...Қазақстан топырағындағы географиялық атаулардың «дертке» ұшырауының себеп-салдарын, таралу шеңберін айқындаған жөн», – дейді.

Ұлттық топонимдердің мұндай жаппай дертке ұшырау себебі, әрине, Ресей империясының жүргізген отарлау саясатымен байланысты болғаны мәлім.

Белгілі зерттеуші М.Мырзахметовтың көрсетуінше, бұл мәселе Романовтар әулетінің билік еткен бүкіл Ресей патшалығының ғасырлар бойы жүргізіліп кел-

ген ішкі, сыртқы саясатының негізгі бағыт-бағдары, отарланып алынған елдерді дінге шоқындыру арқылы орыстандыру саясаты және де оны жүзеге асырудың ұрымтал буыны отарланған бұратана елдердің ғасырлар бойы қолданып келе жатқан жазу таңбаларын, яғни алфавитін өзгерту, оны кириллицаға ауыстыру саясаты тым ертеректен басталғанын көреміз. Өйткені ескі жазуын өзгерту – олардың тарихи есінің сақталу дәстүрі мен тарихынан қол үздіру арқылы идеологиялық мәңгүртке айналдыру – отаршыл үкімет атаулының негізгі мақсаты болып табылатыны ортақ құбылыс [6,1776.]. (Түрлі «игі» мақсаттарды жамылып, Ресей империясының «шалғай жатқан» Азия бөлігіндегі елдерді астыртын, біртіндеп отарлау мақсатымен түрлі «игі мақсаттағы» әскери, ғылыми экспедициялар, миссионерлік топтар ежелгі қазақ жеріне бірінен соң бірі ағыла бастады. Өзге халықтарды отарландыру және соңынан оыстандыруды мақсат еткен саясат Ресейде ерте кезде 1731 жылы «Новокрещенская контораның» құрылуымен айқындала түскен. Александр II патша 1865 жылғы 5 шілдеде ресми құжат – раскриптіге қол қойып, 1867 жылдан бастап, негізгі мақсаты қазақтарды орыстандыруға байланысты «жаңа низам» ережесі іске аса бастады.

Отарландырудың, орыстандырудың топонимия саласындағы түпкі нәтижесі «...Россияның ішкі губернияларынан Қазақстанға көшірілген жерсіз-күйсіз жүрген миллионнан астам орыстың мұжық-шаруалары өздеріне тартып әперген ең шұрайлы (тау алқабы,

шөбі шүйгін өзен-су бойы) 47 миллион гектар қазақ жерін ғана иеленіп қойған жоқ, ол жерлерге өз елінің (хутор, деревня, поместье т.б) атауларын ала келген еді.

Ол атаулар ертеден келе жатқан жергілікті атауларды ығыстырып барып, зорлықпен «қалыптасты». (Қайдар Ә., аталған еңбек, 149 б). М. Мырзахметов топонимикалық атаулар жөнінде Қазақстанның Ресейге қосылу тарихының ел билеу жүйесінде патша үкіметі орнатқан, әрі терең ойластырыла ұстанған үш түрлі кезеңде қарастырады және осыдан қазақ даласының біртіндеп асықпай отарлаудағы қолданған айла-шарғылардың эволюциялық даму жолы отаршылдық мазмұндағы географиялық атауларының біртіндеп ену, молая түсу әрекеттерінің болмысы айқын көрінетіндігін айтты.

Қазан төңкерісінен кейін социалистік құрылыстың орнауы нәтижесінде жаңа объектілер пайда болды. Республика аумағында облыс, аудан, ауыл, село, колхоз, совхоз, жұмысшы поселкелер, кәсіпшіліктер т.б. ұйымдастырылды. Осы объектілерінің атауларының біразы сол жердің ескі атымен аталса, олардың басым көпшілігі Ұлы Қазан төңкерісі тудырған қоғамдық құрылыстағы құбылыстарға, оқиғаларға, халық сүйген ардагерлердің аты-жөндеріне, тың игеруге т.б. сан алуан өзгерістерге тікелей байланысты болды. Мұндағы Панфилов, Чапаев, Клара Цеткин, Красный Октябрь сияқты село аттары совет халқының көсемі мен әскери қайраткерлер атына байланысты қойылған.

Мұндай атаулардың тағы бір үлкен бөлігі қоғамда болған өзгерістерді көрсетеді, жаңалықтарды атайды: Бірінші Май, Большевик, Жеңіс, Еңбекші, Еңбекшілер, Кеңес, Қызылтаң, Мәдениет, Ортақ, Өндіріс, Теңдік т.б.

Ендігі бір топ атаулар әр кезеңде партияның халықты шақырған үндеу, ұрандарына, халықтың қойған мақсатына, тілек-талабына байланысты болып келеді: Алғабас, Бірлік, Жаңатілек, Еңбек, Мереке, Ұйымшыл, Ынтымақ т.б.

Ономастика ғылымы атаулардың тек тілдік мағынасын ашумен, яғни тілдік кодпен ғана шектеліп қалмауы керек. Өйткені ономастикалық атаудың мазмұнында: 1) тілдік, 2) мәдени, 3) тарихи кодтар туралы сан алуан ақпараттар болады. Бұлар халықтың өмір тәжірибесінен жинақтаған дәстүрлі білімдері болып саналады. Қазақ ономастикасын зерттеуде атаудың тілдік кілті едәуір жақсы ашылды. Алайда атаудағы мәдени, тарихи, тағы да алуан түрлі ақпараттар жүйесін ашу өз кезегін күтін түр.

## **СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ**

Туған жеріміздегі жер-су, елді мекен атауларының отаршылдық-тоталитарлық дәуірлерде қандай өзгерістерге түскені бізге тарихтан белгілі. Алдымен облыс орталығы Петропавл қаласының атауы жайлы

дәлел-аулақ аңыз-әңгімелер мен кейбір деректерге жол берелік.

*Солтүстік Қазақстан облысы – Қазақстанның солтүстігі ежелден Арқа деп аталатын қасиетті мекені.* Облыс орталығы – Петропавл қаласы. Солтүстігі, шығысы, батысы Ресеймен шектеседі. Сондықтан, орыс отаршылдары ерте ауыз салып, өздерінің үстемдігін жүргізу үшін бекіністер салып, халқын қоныстандырды.

1752 жылы патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатына сәйкес Есіл өзенінің оң жағалауында, «Қызылжар» деп аталатын ежелгі қазақ қонысында, әскери бекінісін орнатады. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресей мен Орта Азия хандықтарының сауда қатынастары орнайды. Кейін ірі сауда орталығына айналады. ХХ ғасырдың бас кезінде ауыл шаруашылығы дамиды. Осы кезеңнен бастап орыс, казак шаруалары (қазақтар оларды «қарашекпенділер – босаяқтар» деген) Арқаға ағылып келе бастады. Жылдан жылға қала ірі өнеркәсібі дамыған, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-ағарту саласы жетілген облыс орталығына айналды.

Петропавл атауы Христостың ең сенімді апостолы әулие Петр мен Павлдың құрметіне қойылған деген дерек бар. Оның тарихи атауына байланысты ел ішінде аңыз-әңгімелер де тараған.

Жерлесіміз, академик, жазушы Сәбит Мұқанов «Омір мектебі» кітабында кейіпкерлеріне мынадай әңгіме айтқызады:

– Қызылжар Есілдің осындай құнарлы алқабының жағасына орналасқан.

– Қызылжар қашан көрінеді? – деймін мен.

– Өй, сен соқыр ма ең? – деді Боржабай. Көзім желге қарығып бұлдырап келе жатқан кәрі мен де көріп келе жатқанда, көзге баттыып тұрған қаланы көрмей көзің шықты ма?

Менімен қалжыңдаспайтын да, кекетпейтін де Бекен:

– Сонау, тау сияқты теңкиген күрең-қызғылт биікті көріп келемісің, бала? – деді маған.

– Көріп келем, – деймін мен, – сол не өзі?

– Есілдің биік жары. Соның төбесінде, әне бір со-райғандарды және ағараңдағандарды көремісің?

– Иә! – деймін мен, жардың биігінде жапырлай ағараңдаған, олардың арасында аспанға шанышыла со-раған бірдемелерге тіккен көзімді қадай түсіп.

– Қызылжар сол! Қызғылт биік жарқабаққа са-лынған қала болғандықтан жергілікті ел Қызылжар атаған.

– Петропавл дейтін себебі не?

– Ерте кезде қазақ жері екен, – дейді мұны. Осы жарқабақта Дәулеткелді дейтін бай қыстайды екен, – дейді, руы – Атығай.

О заманда біздің елдің ханы Абылай болған. Бу-рабайда отырған Абылайға Петр мен Павел деген ағайынды екі жігіт барып, Дәулеткелді отырған қа-бақтан, бір өгіздің терісіндей жер сұраған. Абылай бұл сөзді қызық көрген де: – Ал, – деген. Әлгі екі жігіт өгіз

*түркіні шарық жіптей жіп-жіңішке қып тіліп әкелген екен, соны жазып жібергенде, осы қаланың орнын тұтасып кеткен. Абылай уәдесін жұта алмай, сұраған түркіні берген, соған екі жігіт қала салып, солардың атымен «Петропавл» боп кеткен (С.Мұқанов «Өмір мектебі» 10 т., 34-35 б.).*

Әрине, бұл – аңыз. Осы күні облыс орталығының Қызылжар аталуының басты себептері жайлы зерттеулер мен мақалалар жарық көргені мәлім. Ол туралы өлең-жырлар мен көркем шығармаларда да тілге тиек етіледі. Батыр жырау Қожабергеннің жырларында, Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романында, Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» атты тарихи романында, Ғабит Мүсіреповтың «Оянған өлке» романында Қызылжар атауы қолданылған. Жазушы, зерттеушілер Жарасбай Сүлейменов, Жақсыбай Самраттың мақалалары жарық көріп, олардың зерттеу жұмыстарын жүргізгендіктерін, тіпті, сонау Мәскеу мұрағаттарынан деректер жинастырғанын да ел біледі. Белгілі өлкетанушылар Мәлік Мұқанов, Социал Жұмабаев, Қайролла Мұқанов, т.б. осы тақырыпқа қалам тартқан. Ғалым Зарқын Тайшыбай елді мекен атауларына байланысты қомақты зерттеу еңбектерімен танымал. Сондай маңызды зерттеулерінің бірі 2015 жылы Сәуле Мәлікова, Кемел Оспанов, Гүлнар Ахметжановамен бірге жазған «Атамекен атаулары» атты кітабы жарық көрген болатын. Аталмыш еңбекті елді мекен атауларына тарихи және этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеулер жүргізілген, қызықты мәліметтер келтіріл-

ген танымды әрі маңызы зор зерттеу жұмысы деп баға береміз. Қызылжар атауына байланысты мәліметтер 2017 жылы Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы басып шығарған «Солтүстік Қазақстан облысының тарихи және қазіргі атаулары» деп аталатын материалдар жинағында толық көрсетіледі. Сол себепті белгілі болған мәліметтерді қайталамай, тек сілтемелер жасау орынды деп есептейміз.

*Бүгінгі күні Петропавл атауын Қызылжарға өзгерту – қазақтың ұлттық мүддесіне айналып отыр.* Бұл қазақ халқының, жергілікті тұрғындардың ұлттық намысы мен рухының көрінісі. Жеріміздің, еліміздің ұлттық келбетін танытатын байырғы атауларды қайтарып ала алсақ, тәуелсіздігіміздің бейнесі сомдала түседі, әрі тарихи әділеттілік орнайды деген сенімдеміз. Оның үстіне орысы қалың өлкеде ұлттық тарихымызды айқындап тұратын қазақи атаулардың болуы кеудемізге мақтаныш сезімін ұялататыны анық.

Жер-су, елді мекендер Шоқан Уәлиханов айтқандай, «Көне түркі, салт-сана, әдет-ғұрпы қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты, жер-су атаулары, адам аттары т.б есте сақталып атадан балаға жалғасып жатады». Жер-су атаулары, тарихи ескерткіштер – біздің ғасырлық мұрамыз.

Keң-байтақ жеріміздегі мыңдаған жер-су атауларында халық тарихының ізі жатыр, тіршілік қарекеті, шаруашылық кәсіптерінің көрінісі, әдет-ғұрып,



солтүстік сипаның бейнесі зерделенген. Осы ретте Мұхтар Әуезов: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атауын өзінде қаншама мән-маңылы, пішілмеген құпия сыр жатады», - деген болатын. Олай болса, біздің туған жеріміз тұтас бір шежіре, оқылмаған дастан десе де болады.

## **ҚЫЗЫЛЖАР АУДАНЫНЫҢ ТОПОНОМИКАСЫ**

Нысанға алынып отырған Қызылжар, Есіл аудандарының топонимдері мен осы аудандар жайлы аздылы-көпті мағұлматтар болашақтың қажетіне жарар деген ниеттен туып отыр.



Қызылжар ауданының аумағы 6,15 мың км. Аудан орталығы – Бескөл ауылы. Облыс орталығымен аралығы 12 километр. Ауданда 20 ауылдық округ, 72 ауылдық елді мекен бар.

Қызылжар ауданы қалаға жақын, негізінен Есіл өзенінің бойында орналасқан. Оңтүстігінде Есіл және Мағжан Жұмабаев, шығысында Аққайың, батысында Мамлют аудандарымен және солтүстігінде Ресей Федерациясының Түмен облысымен шектеседі. Аудан, негізінен, орманды дала зонасында орналасқан. Жердің үстінгі қабаты қара топырақты. Жер бедері жота-жонды, бел-бұйратты, тоғайлы-ойпаңды, жазық жерлер мен Есіл-Тобыл және Есіл-Ертіс өзендері аралықтарындағы Батыс Сібір жазығының оңтүстігінде орналасқан. Аудан аумағының бүкіл меридиандық бағытымен жайылмасында ескі арналары мен шығанақ-қойнауы мол Есіл өзені ағып жатыр. Оның аудан аумағындағы ұзындығы 166 км. Өзеннің кең аңғары шөптесінге бай, мұнда бетеге, боз, бидайық, сұлыбас, қалуен, жусан және басқа да азықтық, емдік шөп өседі. Ауданның аумағының 18%-ын орман қамтыған. Кейбір жер телімдерінде «Қазақстан Қызыл кітабына» енгізілген байырғы геологиялық дәуірдің реликті өсімдіктері сақталған.

Ағаштан қайың, көктерек, сібір үйеңкісі, терек өседі. Бұталары: тал, итмұрын, шие, т.б. Жеуге жарамды саңырауқұлақ, жидектер бар. Хайуанаттар әлемі – бұлан, елік, қабан, қасқыр, түлкі, қоян, ондатра, т.б. Құстары: аққу, қаз, үйрек, бүркіт, тектестер, т.б.

Осиен-колдерінде шабақ, табан, алабұға, шортан, лақа, шаян оседі. «Қызыл кітапқа» ақ тышқан, елік, борсық, өсімдіктен – Шолпанкебіс, бұйра лалагүл, саз қазаны, коктем жанаргүлі, ақ-тұңғиық, кәдімгі арша енгізілген. Ауданда Долматов ауылдық округінде Согров табиғи қорықшасы, Березовте – «Серебряный бор» орманы, т.б. республикалық деңгейдегі мемлекеттік табиғат ескерткіштері орналасқан. [4,106.]

Қызылжар ауданында тарихи және археологиялық 20 ескерткіш тіркелген.

Ауданның құрамына кіретін 19 ауылдық округтің тек скеуі (10,5%) ғана қазақша болса, 17-і (89,5%) орыс тілінде берілген:

Бескөл ауылдық округі, Архангел ауылдық округі, Асаново ауылдық округі, Березов ауылдық округі, Бууров ауылдық округі, Вагулин ауылдық округі, Винogradов ауылдық округі, Куйбышев ауылдық округі, Қызылжар ауылдық округі, Лесной ауылдық округі,



гі, Налобин ауылдық округі, Новоникольск ауылдық округі, Петерфельд ауылдық округі, Прибрежный ауылдық округі, Рассвет ауылдық округі, Рощин ауылдық округі, Светлопольск ауылдық округі, Соколов ауылдық округі, Якорь ауылдық округі.

## **ЕЛДІ МЕКЕНДЕР АТАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ**

Жер-су атаулары негізінен сыртқы пішініне, жануарлар және өсімдік әлеміне, түр-түске, нысанның көлеміне, орналасу ерекшелігіне судың ыстық, жылы, суығына, сапасына, дәміне, ағысының қарқындылығы мен бәсеңділігіне, шығаратын дыбысына қарай аталады. Сонымен бірге, жоғарыда айтқанымыздай, рухани және материалды мәдениетпен, діни ұғымдармен уәжделеді. Қазақстанның осынау кең-байтақ жеріндегі әрбір тауы мен тасының, өзені мен көлінің, ойы мен қырының, жайлау-қыстауының байырғы өз атауы болған. Алайда қазіргі тәуелсіз Қазақстанда сонау отаршылдық кезеңнің немесе тоталитарлық заманның көптеген атауларының әлі де реттелмеуі біз үшін үлкен сын. Сондықтан да еліміздегі жер-су аттарындағы бұрынғының қалдығын жойып, атауларды тарихи тұрғыдан қалпына келтіру керек [6,1396.].

Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі өзгерген атауларын төмендегідей етіп топтастыруға болады.

1.Қайтадан қолданысқа оралған бұрынғы тарихи атаулар.

2. Бұрынғы атаулары белгісіз елді мекендерге берілген қазақы жаңа топонимдер.

3. Транскрипциясы өзгертілген атауларды қалпына келтіру.

Бұрынғы атаулары белгісіз елді мекендерге берілген қазақы, жаңа топонимдердің өмірге келуі ұлттық топонимияны тың сатыға көтереді. Солтүстік Қазақстан облысының солтүстік аудандарында XVII ғасырда Ресей жерінен қоныс аударушылары көшіп келіп, қоныстанған жерлеріне өздерінің атауларын беріп отырды. Соның нәтижесінде бұрынғы тарихи атаулары жойылып кеткен еді. Міне, осындай бұрынғы атаулары белгісіз жерлерге, елді мекендерге қазақша атаулар беру үдерісі басталды.

Арқа – Солтүстігі Батыс Сібір ойпатынан басталып, батысы Торғай ойпаты, Оңтүстігі Балқаш көліне



дейін ұласқан ұлан-ғайыр аймақ. Мұны Сарыарқа деп те атайды. Арқа жері – Арғын, Атығай, Қарауыл, Керей, Уақ рулары мекендеген өлке.

Арқа – біріншіден, адамның жон арқасы деген мағына берсе, екіншіден – қырғыздарда, арқа – солтүстік якут тілінде, арга – батыс, ал туваларда, арга – қылқан жапырақты ағаш деген мағына береді екен. Түркі халықтарының көп шоғырлана қоныстанғаны Алтай десек, бұл аймақ олар үшін Солтүстік батыс бағытта болғандығын көрсетеді. Ал сары сөзі – ежелгі түркі тілінде «сайын», «кең байтақ көлемді» деген мағына берген. Бәрін ескере келгенде, біріккен екі сөз Сарыарқа солтүстіктегі «байтақ, кең дала» деген ұғымды білдіреді. [7,1136.]

Кең ұғымдағы Сарыарқа атауының шығу тегін, оның бұлайша аталуын А.Сейдімбеков «Сарыарқаның алып суайрығы екенін, ағын су атаулы сол қоянжон дөңестің қос қапталынан төгіле ағатынын көреміз. Мұндай байтақ жонды Арқа демеске болмайтын да сскілді. Басқаша атау көкейге қонбайтындай, көңілге орнықпайтындай» деп пайымдайды. *Сары* сөзімен құрамдасын келген атаулар, сөз тіркестері тілімізде тек түсті ғана білдірмейді, «кең», «мол», «үлкен» деген мағыналарда да қолданылады. Қазақ топонимисі Е.Қойшыбаев Сарыдала, Сарытау, Сарыбел, Сарыжота деген атаулардың құрамындағы сары сөзі «кең, үлкен» мағынасын білдіреді деп қарастырады.

Сарыарқаның кіндігінен басталып Солтүстікке созыла ағып жатқан тарихи өзен – Есіл. Ақмола, Қараған-

на Солтүстік Қазақстан облысының жерін басып өтіп, Ертіске қосылады. Енді Есіл атауы нені білдіреді?

Белгілі топонимист Г.К. Қоңқашбаевтың пікірінше «Есиль – скрученно – волнистое течение», яғни есіліп ағатын ағары дегенді білдіреді, яғни өзен суының бұраулы арқан сияқты есіліп ағатынын байқатады.

Ескі түркі заманындағы Күлтегін ескерткішінде: «Йашыл үгіз» деген өзеннің атауы кездеседі. Бірім өзағар бірле ілгеру яшыл үгіз шантуң языкқа тегі сүледіміз. Құрығару темір қапқыға сүледіміз»

аудармасы: «ағам қаған мен бірге ілгері жасыл өзеніне шантуң жазығына дейін аттандық, кері – темір қапқаға дейін аттандық. Мұндағы «яшыл» түсті білдіретін жасыл сөзі, ал «үгіз» өзен болса, «жасыл өзен» деген мағына береді. Академик А.Абдрахмановтың топшылауынша, яшыл – ясыл, ешіл – иесіл, кейін Есіл түрінде өзгеріске түскен дейді. Атаулардың түр – түстен қойылуы және дыбыстық өзгеріске ұшырауы заңды құбылыс. Махмұд Қашғари сөздігінде «Есіл», «Ешіл» сөздері ұшырасады, ол – созылу, созылған деген ұғымдарды береді.

Бірнеше облыстың жерін, көктей өтуі ұзын екенін көрсетеді, бұл таза түркі тілдеріне сүйенген тұжырым. Есіл өзенінің жағасында орналасқан қала, ауыл, көл атауларының біразы Қызылжар деп аталады. Осы жердің иесі қазақ халқы, әрине жер - су орман, тоғай атауларын өз ана тілінде атаған. Соның бірі - Қызылжар. Есіл өзенінің жағасындағы биік жар алыстан қызыл күрең болып мен мұндалап тұрады. Осы жер

бедеріне байланысты қойылған атау. Бұл өлкеге Қызылжар деп ат қойған орта жүз Ашамайлы Керейден шыққан әйгілі әскер басы Толыбай сыншы Дәуленұлы (1603-1680).

Қызылжар деп ежелден аталған елді мекендер, ауылдар кейін 1759 ж. Красноярское 1772 жылы Новопавловка болып өзгертілген. Бұл ауданның орталығы Бескөл ауылы – казак редуты ретінде XVIII ғасырдың ортасында негізі қаланған, алғашқы көшіп келушілер Дон, Урал казактары болған. 1770 жылдан Запорожье казактары кейін башқұрт, пермяктар көшіп келген. Бескөл атауы осы ауылды қоршай орналасқан *Старица, Қараболка, Моргайка, Узкий, Кривое* өзендерінің санына байланысты қойылған. Соколов ауданы мен Бескөл ауданы Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылы 17 сәуірдің № 3461 жарлығымен сәйкес Қызылжар ауданы деп аталды. Орталығы Бескөл кенті.

*Қызылжар* – Сайдың жары қызыл түстес болған соң аталған. Қайыңды сай. Сай бойында ақ қайыңдар өскен.

Петропавл қаласының іргесінде құрылған жаңа аудан. Негізі 1935 жылы 10 ақпанында Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысымен Петропавл ауданы болып құрылды. Жаңа әкімшілік аумақтың құрамында орталығы Петропавл қаласы, оған қарайтындар: Бескөл, Архангельск, Кривозерный, Новокаменский, Новопавловский, Петерфельд, Плоский селолық советтері.



Ал Соколов ауданы 1936 жылы құрылды. Ол 1759 жылға дейін Шақша аталған. Шақша дегеніміз нағыз салатын ыдыс, Башқұртстанда шақшалы көлі, өзені бар. Ал қазіргі атауы, жер аударылып келген адамдардың фамилиясымен байланысты. [7, 43б.]

Бескөл кентінің оңтүстік батысында Атығай көлі, Атығай ағашы болған көрінеді. Атығайды орысша атығей деп, кейін тіпті «Андрей» деп атап кетіпті. Бұл атау осы жерде мекендеген Атығай руының атымен байланысты. Атығай - орта жүз арғын руының бір тармағы. Атығай жөнінде халық ішінде мынадай аңыз әңгіме бар: Есімханның қалмақтармен жауласып тұрған кезінде ағайынды екі жетім бала болыпты. Үлкені Атығай 15 жасты, кіші Бағыс 12 жаста. Бірде, басқа жауынгерлермен бірге Атығай да жорыққа аттаныпты. Жау мен соғыс кезінде ол ерекше батырлық көрсетіп «атығайлап» атой сап, жаудың ауын құлатады.

Бұны көрген Есімхан Атығайға батасын беріп Дәуіттен тараған 12 ата батыр баланың атымен Атығай аталсын деп жарлық береді.

Байсал – екі түрлі мағынада қолданылады. Біріншіден, кісі есіміне байланысты атау ретінде қарайтын болсақ, байсалды, ұстамды, табанды дегенді білдіреді. Екіншіден, әрі бай, әрі сал-өнерлі, әнші, күйші деген мағынаны береді екен.

Асаново – қазақша Асан деген кісінің аты. Түркі халықтарында өте жиі кездесетін ат. Араб тілінде Хасан - сұлу, тым көркем, өте әдемі деген мағынаны

білдіреді. Сондай-ақ, бұрындары Асан деген байдың мекені де болыпты.

Бәйтерек – бұрынғы атауы Элитное. Егемендігіміздің белгісіндей атау. Астана қаласындағы Бәйтерек монументінің құрметіне аталды. Алғашқы мағынасы - Арқа сүйер ұлы атам. Екінші мағынасы - өмірдің діңгегі, тармағы.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік аумақтық бөлінісі өзгертіліп жаңа атаулар берілді. Мичурин - 1954 жылдың көктемінен басталған «тың және тыңайған жерлерді иегеру» науқанына байланысты атақты селлиционер, ғалым, сол ғалымның құрметіне қойылған атау.

Кондратовка селосы Петропавл қаласынан 40 шақырым жерде темір жолдың бойында орналасқан. Кондратовка селосы 19 ғасырдың басында Кондратов деген помещиктің усадьбасы болған. Усадьбаның аумағы 1800 га, қол, шабындық, тоғай, орман кірген. Помещик өзі Петропавл қаласында тұрған, ал селода оның Каргутский деген көмекшісі тұрған, оның үйі қазірге дейін сақталған. Сондықтан осы үй «Каргутскийдің үйі» деп аталынады.

Ивановка селосының негізі 1896 жылы Полтава губерниясынан көшіп келгендер. Олардың ішінде: (Яковенко Кирилл, Бенберя Куприян, Загребельный Микола, Войтенко Сидор, Войтенко Прохор, Ковтун Захар, Калашник Семен, Воловик Федот, Воловик Яков, Чеберя Иван, Чапко Николай т.б.) болған.

Көшіп келген казактар Қадыр, Бәжен және Ұзынкөл көлдерінің жағасына орналасуға рұқсат алған. Олар землянка салып, құдық қазған, себебі бұл жердегі көлдердің суы ащы болды. Кейін бұл жерде Ивановка аты село пайда болды. Ал көлдер Үлкен Ивановка, кіші Ивановка болып өзгеріп кетті.

Воровское селосы – публицист, революционер, дипломат Воровской Вацлав Вацлавовичтің атымен аталған (1871-1923 жж). Қазір Петропавл қаласында Воровская көшесі де бар.

Виноградовка – Украинадан XVIII ғасырда көшіп келген, украиндармен бірге Бессарабиядан молдовандар келіп қоныстанған. Елді мекеннің атауы жүзім өсетін аумақтан келгендерін білдіретін болуы керек.

Вагулино – бірнеше мағыналы атау. Бірінші мағынасы – кісі тегінде қолданылса, екінші мағынасы – иісі шыбын-шіркейлерді үркітіп адамға жолатпайтын өсімдік атауы ретінде қолданылады. Одан соң, Солтүстік Уралдан XVIII ғасырда көшіп келген финдердің бір тармағы осылай аталған көрінеді. Орыстар оларды кемсітіп вагула деп атаған. Көне көз қариялардың айтуынша, бұл атау жер аударылып келген финдердің атауымен байланысты.

Пеньково – Қызылжар ауданында кездесетін аймақ атауы. Пень, түбір, томар деген мағынаға ие. Оның тағы бір мағынасы - зығыр дегенді білдіреді. XVIII ғасырдың аяғында Ярослав облысынан көшіп келген орыстар негізін қалаған.

Ольшанка – торғай тұқымдас құстың аты. Харьков губерниясынан көшіп келгендер өздерінің ата-мекеніндегі атауын ала келген делінеді.

## **ӨЗЕН-КӨЛ АТАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ**

Көл – тікелей теңізбен қосылмаған құрлықтар өңіріндегі суға толы дербес ойыстар. Ауқымды кеңістікті қамтитын, суы ащы көл түрлері теңіз деп аталып жүр (Каспий, Арал теңіздері) [8,87б.]. Жер шарындағы көлдердің жалпы ауданы 2,1 млн. км<sup>2</sup> (құрлық ауданының шамамен 1,4%-ы). Ондағы жинақталған судың көлемі 176 мың км<sup>3</sup>, оның 52%-ы тұщы су, 48%-ы ащы су. Жер шарының ең ірі көлі – Каспий теңізі, ең терең көлі – Байкал. Қазақстанда Каспий мен Аралды қоспағанда, 48262 көл бар, олардың жалпы ауданы 45032 км<sup>2</sup>.

Солтүстік Қазақстан облысы (СҚО) Қазақстанның солтүстігінде орналасқан, ал физика-географиялық қатынаста – Батыс-Сібір жазығының оңтүстік шетін және қазақ кең даласының бір бөлігін алады. Жер бедерінде көп көл төмендеулері, сахаралық ойықтар, аласалау жалдар және жал шұңқырларымен алмасушы бөктерлер бар. Солтүстік-шығыс биіктігі 115-120 м, оңтүстік және оңтүстік-шығыста 200 м. Облыс Ресейдің Калуга, Тула, Томск облыстары орналасқан кеңістікте жайғасады.

Облыс – орманды-далалық табиға аймақта және далалы табиғи аймақта орналасқан, бұл оның ландша-

флан, табиғи ортаның сапасын, негізгі табиға ресурстарын айқындайды. Ол егін шаруашылығы үшін қажетті аймаққа жатады. Облыс аймағын географиялық және тарихи да аймақ ретінде көбінесе Петропавлдық Есіл бойы деп атайды.

Солтүстік Қазақстан облысының маңында Есіл өзенінің (400 км) орта ағысы Иман-Бұрлық және Ақан-Бұрлық қиылысы бар. Солтүстік-Қазақстан облысында 1000-нан аса көлдер бар, ең бастысы, солтүстік-батыста орналасқан. Олардың көбі кеуіп қалған. Тұщы су көлдері басым. Аса ірілері: Шағалалытеңіз, Солтүстік және Оңтүстік Қак, Таранкөл, Меңкесер. [9,1456.]

Есіл өзені – облыстың ең басты су арнасы. Ол теңіз деңгейінен 560 метр биіктіктегі Нияз тауынан басталып, Ертіске құяды. Өзеннің ұзындығы – 2450 километр (бұл әлемдегі екінші лектегі ең ұзын сала), су аумағы – 177 мың шаршы километр, бастауынан сағасына дейінгі құлдырауы 513 метр, орташа енісі – бір километрге шаққанда 21 сантиметр.

Есілдің Сарарқадағы негізгі салалары – Жабай, Ақанбұрлық, Иманбұрлық өзендері. Облыстың жауын-шашын жерінде өзенге Тереңсай, Шудасай, Александров, Омутнин жылғалары құяды.

Есілде Сергеевка, Есіл және Петропавл су қоймалары бар. Олардан магистральді су құбырларына су алынады, оған қоса олар табиғатқа көрік беріп тұр.

Солтүстік Қазақстан облысында 3 мыңнан астам көл бар, олардың алаңы 4800 шаршы километр. Облыс

аумағының 3,9 пайызын алып жатқан көлдері жөнінен облысымызға теңдестер табылмайды.

Көлдердің атауларында түркі және славян гидронимдері басым. Көбіне-көп оларда судың бір белгісі (Горькое, Пестрое, Соленое, Жаманкөл, Ақкөл, Қаракөл, Питное, Жалтыркөл, Широкое) көрініс тапқан.

Кейде кісі аттары көрініс береді: Илиханов, Пономарев, Шитов, Марошкин, т.б. Өсімдіктер мен жануарлардың құрметіне аталған көлдер көп-ақ: Текекөл, Камышное, Рогозянка, Волчье, Собачье, Кобылье, Қоянды көл. Солтүстікқазақстандық көлдердің орташа аумағы бір шаршы километрге тең – мұндай су көздері 10 пайыздай. Аумақтары 750,3 шаршы километрден 29,8 шаршы километрге дейін бірте-бірте кеми беретін кейбір көлдердің тізімі мынадай: Сілетітеңіз, Әлкен Қарой, Шағалалытеңіз, Теке, Кіші Қарой, Қалибек, Имантау, Алабота, Қақ, Әлкен Торанғұл, Меңгесер, Шалқар, Становое.

Айдындардың тереңдігі әртүрлі. Мәселен, Шалқардың тереңдігі 15 метр. Жақсы Жалғызтау – 10,3, Имантау – 10, Меңгесер 0,8 метр, Су көлемі айдынның аумағына, тереңдігіне және жыл мезгіліне байланысты. Осы көрсеткіш Шалқар көлінде орта есеппен 267,0 миллион текше метрді, Меңгесерде 16,4 миллион текше метрді құрайды.

Мамандардың есебі бойынша тұщы көлдердің суы 4 миллиард текше метрдің үстінде. Оның ішінде Шағалалы теңіз – 600, Имантау – 279, Саумалкөл – 99 миллион текше метр. Өңірдің барлық дерлік елді ме-

көшпелері тұщы және сортаң көлдердің жағалауларына орналасқан.

Көлдер қамысқа, су өсімдіктеріне, шымтезек шөптеріне бай. Жаманкөл, Меңгесер, Снежинка-Креповое көлдерінде емдік лай бар.

Көлдерде суда жүзетін құстардың 30-ға жуық түрі бар. Балық түрлері де осыншама Негізгі балықтар – тұлқы мен алабұға.

Қызылжар ауданына қарасты гидронидердің өмірлік аталу себептері бар. Қазіргі Вознесенка 1895 жылға дейін *Қазансу* аталған. Атаудың бірінші сыңары Қазан сөзі – тура мағынасында ас пісетін шұңғыл «шойын ыдыс». Ал, жанама мағынасы «қазан сияқты ой», «ойпат», «шұңқыр» дегенді білдіреді. «Қазан», «шұңқыр» деген географиялық термин ретінде алып қарасақ, ойлы жердегі су дегенмен ұштасады. Яғни, «шұңқыр жердегі су» деген ұғымды білдіреді. Қазан су көлінің жанындағы қыстақта солай аталған, орыстар көшіп келгеннен кейін Вознесенка деп өзгертілген. Христиан халқында үшжасар Мария бикешті, болашақ Ғайса пайғамбардың анасы, ата-анасы Иерусалим ғибадатханасына тәрбиеге тапсырған күні, 21 қараша / 4 желтоқсан/ жыл сайын мейрам ретінде атап өтіледі. Ресей, Украинадан көшіп келгендер өз діндерін ұлықтап елді мекендерге діни атаулар берген. Вознесение мерекесі, пасха мейрамынан кейін 40 күн өткенде Ғайса пайғамбар көкжүзіне ұшып шығып қоныс тапты деген аңыз бойынша мерекеленеді. Сонымен қатар, Петропавл

қаласында Вознесенская деп аталатын көше атауы тағы бар.

*Төменай көлі* – суы тұнық. Көлдің бетіне түскен ай төмен, тіпті қолмен ұстап алардай екен. Жергілікті халық: Төменай – жерің алтын, суың балдай, көзіме көрінесің туған айдай, – деп жырлаған.

*Аят көлі* (Әйет) бұрынғы басылымдарда осылай берілген. Петропавл қаласындағы Жұмысшы кентін (Рабочий поселок) бұрын «Аят ауылы» деген екен. Бұл атаудың түркі тіліне тән екендігін 17 ғасырда Ресей ғалымдары дәлелдеген. Себебі, көрші Қостанай облысында, Түмен облысында Аят өзені, көлі бар.

«Юрт в поле на озере Аяте живут татаровья и остаки», деп жазған А.К. Матвеев. «Аят құран қағидасы» дегенді білдіретін араб сөзі екенін айтқан В.А. Ложкин. И. Қойшыбаев бұл атау жөнінде аяз тұлғасындағы көне сөз, қазақ тілінде «д», «з» дыбысына айналып, аят формасын қабылдаған түрі. Мағынасы «алаң», «жазық» деп жазды. Бұл атау көне моңғол және түрік тілдеріне тән.

*Обалы көлі* – қазіргі Григорьевск. 1893 жылға дейін Обалы деп аталған. «Оба – жазық жерге жинап, үйін, томнайтын қойған тас», – деп түсіндіреді ғалым Г.Қоңқапшаев. Э.Мұрзаев «Оба сөзі – моңғол тіліндегі обо – үйінді, төбе, тас, қорған», – екенін айтады. «Обаған, обалы – қорған ескі зират бар дегенді білдіреді», – дейді Б.Бектасова. Оба – түркі тілдерінде қорған, төбе, тас үйіндісі, шекаралық белгі. -лы,-лі, ді-ды, ті- ты сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалған атау.



Қандай жер? Обалы жер, обалы көл жағасында «төбе» немесе «мола орналасқан көл» деген мағынаны білдіреді. Мысалы: жиделі, шілікті.

*Қадір көлі* – (Ивановское) атауы 1894 жылы ауысты. Есілдің жағасында орналасқан көл атауы. Жап-жағы қалың қарағай, қайың, шілік өсетін жабайы жидектерге бай, ғажап мекен. Жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп жүрген аталарымыздың мекені. Шөбі – шүйгін, топырағы – май, суы – тұшы. Бұл жерді керей руының азаматтары иеленіпті. Ел сыйлайтын ақыл-той, діндар, Қадір ата атымен аталғанын біреу білсе, біреу білмейді.

Кейін Бекмұхамбет байдың жері болған. Бекмұхамбет байдың үйі, қонақ үйі, күтушілердің үйі мен ат қорасы қазіргі Интернационал көшесіндегі № 6 мектептің қарсысында орналасқан. Қазіргі Жамбыл мен Мир көшесінің аралығында бір квартал жерді алып жатыр.

Ол кісі көзі тірісінде «Қадыркөл мен Есілім құт – бәрекем» деп жазды. Өмірін осы жерде өткізген екен. Бұл жерді де келімсектер иемденіп атын өзгертіп жіберген. Өздері көшкен селоларын, тарихи мекендерін ұмытпау үшін қазақ ауылдарын өздерінше атап қағазға түсірген. Сөйтіп, Қадыркөл «Ивановка» аталып кеткен. Ивановка селосының аумағында Бәжен көлі және Ұзынкөл бар. Бәжен – кісі атымен аталған, ал Ұзынкөл – пішініне қарай аталған.

Зерттеуші В.Н. Алексеенко деректері бойынша, 1770-1881 жж Ресейден 521 мың адам, 1906-1914

жылдары 7014 мың адам қоныс аударған. Қоныс аударушылар қазақ жеріне аяқ басысымен сол жерге өз тілінде ат қояды. Солайша бұрынғы Тұздыкөл – Солёное, Ащыкөл – Горькое, Тұщыкөл – Пресное, Ақкөл – Белое, Дөңгелеккөл – Круглое деп көлдердің бәрі орысша аталып кеткен. Әсіресе, Қызылжар ауданындағы көлдердің бәрі дерлік орысша атауға ие.

*Жалтыр көлі* – 1. жалтыраған, суы таза, мөлдір деген мағынаны білдіреді. 2. көлдің түбінде тұз болғандықтан, суы күнмен шағылысып жалтырап жатады.

*Ақыш көлі* – Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданындағы көл. Дубровный ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 3 км жерде орналасқан. Теңіз деңгейінен 121,5 м биіктікте, аумағы 25,81 км<sup>2</sup>, ұзындығы 3,6 км, ең жалпақ жері 3,8 км, жағалау бойының ұзындығы 20,9 км. Су айдынының 1/3-і Солтүстік Қазақстан облысына тиесілі. Су жиналатын алабындағы егістік 70%-ды құрайды. Тереңдігі 3-4 м-ге жетеді. Кісі атымен аталған.

*Пресновка көлі* – 1894 жылы Украинадан келген Кирнос Тарас, Твердохлебов Алексей осы жерге орныққан. Көлдің суының тұщылығына қарай, көлді Пресное, ал қоныстарын Пресновка деп атаған.

*Пестрое көлі* – Петропавл қаласы мен Бескөл кентінің ортасында орналасқан ірі көл. Жағалауында орман, тоғайлар орналасқан. Суы – мөлдір, аумағы үлкен, айналасында көркем, сұлу табиғат аясында орналасқан Пестрое көлі - халықтың сүйікті демалыс

орнына айналып кеткен. Көлдің түбінде әртүрлі балдырлар мен өсімдіктер өседі. Сондықтан судың түсі әр жерде әр түрлі болып келеді. Судың түр-түсіне байланысты бұрын Алакөл атауына ие болған, бұл көл – кәзірде Пестрое деп аталады.

Серебряный көлі – қазақшаласақ, ақ күміс көл. Большая Малышка селосының жанында орналасқан. Суының жарқыраған күмістей тазалығына қарай «Серебряное озеро» деп орыс тұрғындары қойған.

## **ҚЫЗЫЛЖАР АУДЫНЫНЫҢ ОРМАН, ТОҒАЙ АТАУЛАРЫ**

Орман – жер бетіндегі табиғи қорлардың, оның ішінде өсімдіктер жамылғысының басты бір түрі. Құрамында бір-біріне жақын өскен ағаштың бір немесе бірнеше түрлері бар табиғи кешен. Құрамы мен өсуіне қарай мәңгі жасыл, қылқанды, ақшыл қылқанды, күнгірт қылқанды, жапырақты, ұсақ жапырақты, жалпақ жапырақты, тропиктік, муссондық, мангрлық және т.б. ормандар деп бөлінеді.

Орманның құрылымы ортаның физикалық-географиялық жағдайларына, өсімдіктердің түрлік құрамы мен биологиялық ерекшеліктеріне байланысты болады. Ол топырақ түзілуіне, климатқа, ылғал айналу процесіне және т.б. әсері көп, тропосферамен өзара белсенді әрекетте болады да, оттегі мен көміртектің алмасу деңгейін анықтайды (ең ірі орманды аймақтар атмосферадағы оттектің шамамен 50%-ын

«өңдейді»). Құрлықтың 27%-ынан астамын алып жатқан орман – географиялық ландшафт элементі. Орманда ағаш, бұта, шөптесін өсімдіктер, мүк, қына, т.б. өседі.

Аумағының кеңдігіне қарамастан қазақ жерінде орманды жерлер көп емес. Оның басты себебі жеріміздің негізгі бөлігі құрғақ, жартылай шөл, шөлді аймақтарда орналасқандығы, ал орман ағаштары негізінен ылғал мол түсетін алқаптарда өседі. Республика аумағындағы ормандар және бұталар алып жатқан көлем 21,6 млн. га, бұл Қазақстан жерінің 4,2% -ы ғана. Орман ағаштары республикада Солтүстік Қазақстанның орманды-дала зонасында және дала зонасының қосымша ылғал алатын ойпаңды жерлерінде өседі.

*Вороний остров* – Қарғалар аралы. Шынында да аралда қарға тұқымдас құстар өте көп, көктемгі су тасқынына байланысты арал атанған. XVIII-XIX ғасырларда бұл ғажайып жер аңшылардың түрлі аң аулап, серуен салатын өлкесі болған. Қазір мұнда балалардың демалыс лагерьлері орналасқан. Үлкендердің де жиі барып демалатын орны. Сирек кездесетін Қызыл кітапқа енген өсімдіктер өседі.


*Абакшино демалыс орны* – Соколов аулының маңында орналасқан. Абакеш – еврей тілінен аударғанда «құдайды сүйу» деген мағына береді. Шіркеу қызметкерлеріне берілетін фамилия. Солтүстікқазақстандықтардың жыл бойы серуендеп демалатын сүйікті орны.

*Сосновый бор* – Есіл өзенінің жағасында орналасқан қарағайлы орман, денсаулыққа пайдалы шипашы орын. Қалың қарағай, сұлу қайың, түрлі терек, қалың өскен ерекше табиғат аясы бар. Ауасының таза болуына орай, жанында емдеу мекемелері бар.

*Серебряный бор* – 500 жыл бұрын қалыптасқан. Қонскөз қариялардың айтуынша, бұл орманды 100 жылдай уақыт бұрын Серебряков деген кісі күтіп, баптап өсірген екен. Әрі бағбан, әрі күзетші болыпты. Сол кісінің есімімен «Серебряный бор» аталған.



*Березовая роща* – қайыңды орман. Солнечный кентінің жанында орналасқан. Қалың қайыңды жер болғандықтан осындай атауға ие болған.



## **ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ**

Аффиксті, аффикссіз, сөз тіркестері және біріккен сөздер арқылы жасалған ономастикалық атаулар бар. «Тілдің сөзжасамдық заңдылықтары, әдіс-тәсілдері көне замандардан бері қолданылып, дамып, іріктеліп, түрлі өзгерістерді басынан өткізіп, қазіргі қалыпқа түсіп, әбден қалыптасқан. Тілде жаңа сөз кездейсоқ, қалай болса солай жасала бермейді. Ол тілде қалыптасқан заңдылықтар арқылы жүзеге асады» – дейді белгілі ғалым, қазақ тілі сөзжасамының ғылыми-теориялық негізін қалаушы, профессор Н. Оралбай және сөзжасамның табиғатын зерттеген ғалымдар – К. Құрманәлиев, Ж. Балтабаева.

Бүгінде сөзжасам – өзінің зерттеу нысанын айқындаған, тіліміздегі сөздерді жасаушы күрделі тілдік механизм екендігін дәлелдеген сала. Тілдің негізгі қызметінің бірі - атауыштық қызмет болатын болса, сөзжасам тілдің осы қызметін атқаруға белсенді қатысып отырады. Оны сөзжасамның саласы – топонимжасамнан да көруге болады.

Тіліміздегі жер-су атаулары – топонимдер сөзжасамның жаңа сөз жасау әрекеті, заңдылықтары арқылы жүзеге асады.

Сонымен қатар, сөзжасам тілдің келесі негізгі қызметі – адамдар арасындағы қарым-қатынасқа сай талаптарды да өзіндік заңдылықтары бар жүйе ретінде қамтамасыз етіп отырады. Жер-су атаулары дүниежүзілік картада бейнеленеді десек, ал сол атаулар әлем халқына елімізді танытағын символдар.

Сондықтан, мемлекетіміз халықаралық аренаға шығып, әлем халықтарымен жан-жақты қарым-қатынас орнатып жатқан қазіргі кезде, осы символдардың жасалу жолын білуіміз шарт.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- топонимжасам – сөзжасамның дербес саласы екенін анықтау;
- қазіргі қазақ тілінің жер-су аттарының топонимжасамдық жүйесін айқындау;
- топонимжасамдық құрылымдар мен үлгілерді анықтау;

- жер-су атауларының жасалу ерекшеліктерін айқындау;

- топонимжасамға қатысатын жұрнақтардың құрамын, олардың ерекшеліктерін айқындау;

- топонимдердің жасалуына уәждеме болатын сөз таптарын анықтау.

Жалқы есімдерді құрылымына қарай топтастырудың қазақ және орыс ономастикаларында бірнеше жолдары қалыптасқан. Т. Жанұзақов. Жалқы есімдерді антропонимдер, топонимдер, космонимдер деп құрылымына қарай:

А) негізгі

Ә) туынды

Б) екі компонентті

В) көп компонентті.

- топонимжасам - жер-су атауларын жасаудағы тілдік бірліктерді зерттейтін сөзжасам ғылымының бір саласы;

- топонимдер сөзжасамның негізгі үш тәсілі арқылы жасалады: жұрнақ тәсілі арқылы жасалған топонимдерде -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті сөз тудырушы жұрнақтары өнімді болып саналады;

- есімшенің -ған/-ген, -қан/-кен жұрнағы жер-су аттарын жасауда өзіндік атау жасаулық ерекшелігімен қолданылады;

- етістіктің -ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе болымсыздық жұрнағы және есімшенің -с жұрнағымен жасалған жер-су аттары – топонимжасамға тән құбылыс;

- күрделендіру тәсілі (біріккен, кіріккен, қос топонимжасамда өте өнімді құрылым болып саналады;



- нәлдік морфема – топоним жасаудағы мағына тәжіінің тілдік бірлігі;

- топоним жасауға уәждеме болатын сөз таптары – есім, сын есім, сан есім, етістік, үстеу, одағай.

Қазіргі қазақ тілінде ғалымның айтуынша, әртүрлі сөз табынын бірігуінен жасалған екі, не көп компоненттігілерге жатады. О.А Сұлтаньяев, күрделі жалқы есімдерді екі құрылымдық екі типке бөледі:

А) есімдерден жасалған атаулар;

Ә) етістіктен жасалған атаулар;

Қазақстан өлкесін зерттеген ғалымдар топонимдерді компонент санына қарай: бір негізді, екі негізді, үш негізді, төрт негізді атаулар деп топтайды.

Дегенмен, Солтүстік Қазақстан облысы, оның ішінде Қызылжар ауданының топономикасын саралай отырып, атаулардың бір негізді және екі негізді түрлерінің басым екенін байқаймыз. Мысалы: Есіл, Асан, Бескөл, Қосағаш, Төменай т.б.

Облысымыздағы топономиканың көбі орыс тілінде болғандықтан орыс ғалымдарының еңбектеріне сүйенеміз. Орыс ғалымдары жалқы есімдердің құрылымына көңіл бөле отырып, оларды бірнеше негіздерге қарай саралайды. Мысалы: Н.В. Подольская ономастикалық атауларды талдай отырып үш негізгі топқа бөлген:

Бір негізді атаулар

Екі негізді атаулар

Туынды атаулар.

А.В. Суперанская жалқы есімдерді :

1. Зат есімді атаулар
2. Сын есімді атаулар деп бөледі.

Ғалым зат есімді атауларды дара, күрделі, зат есім қызметін атқарушы тіркестер, ал сын есімді атауларды дара, күрделі, адъективті тіркестер деп топтастырған.

Ал В.Н. Попова жалқы есімдерді жасалу жолына қарай:

1. Аффиксті тип.
2. Аффиксіз тип.
3. Сөз тіркестерінен құралған атау.
4. Сөздердің бірігуі арқылы жасалған атаулар деп жіктейді.

Қарастырып отырған Қызылжар ауданының елді мекен, өзен-көл атауларын, жасалу жолын, құрылымын осы төрт топқа жіктеп ажыратамыз.

### **Аффиксті:**

*Қарғалы тоғайы.*

Қарға – түбіріне -лы жұрнағы жалғануы арқылы жасалған атау. Бұл жерде қарғалардың көп болуына орай, *қарғалардың мекені* мағынасында беріледі.

*Қамысты көлі.*

Қамыс – түбіріне -ты жұрнағы жалғануы арқылы жасалған атау. Көлде қамыстың қалың болып өсетіндігінен хабар береді.

*Соленое* – соль - түбіріне н- жұрнағы мен -ое – жалғауының жалғануы арқылы пайда болған.

Сол сияқты, *Круглое* – круг - түбірі, -л – жұрнақ, -ое –жалғау.

*Пресное* – прес- түбір, -н –жұрнақ, -ое – жалғау.

Орыс қарашекпенділері мен жер аударылғандар көшіп келгенге дейін мал бағып, көшіп - қонып жүрген ата-бабаларымыз, көлдерді дәміне, көлеміне, сипатына, түрі мен түсіне қарай атағандығы тарихтан белгілі.

*Соколовка* елді мекені де бұрын Шақшалы деп аталған. Балықты, Жуалы, Қарағайлы деген атаулар өте көп. Бұл топонимдер сол жердің қадір-қасиетін, сол жерде өсіп-өнетін өсімдік әлемі мен жан-жануарларынан хабар береді.

### **Аффикссіз:**

Негізгі түбірден жасалған атаулар, көбіне кісінің аты-жөндерімен байланысты. Мысалы: Асан, Тоқшыын станциялары, Қадір көл, Ақыш көлі, Баймырза тоғайы, ауызекі тілде, көл, тоғай дегенді айтпай, ел арасында Қадір, Баймырза, Мұса, Ақыш деп кісі атымен аталған.

Антропонимдер – үнемі топонимдерге ауысып отырады және керісінше топонимдер антропонимдерге ауысады. Бұл тіл білімінде – трансонимдену үдерісіне жатады, яғни, жаңа жалқы есімдер бұрынғы белгілі есімдерден жасалады. Трасонимдену үнемі үзіліссіз болатын үдеріс, әсіресе, біздің өлкеде Михайловка, Ивановка, Асаново, Тоқшың, Александровка, Чапаево атаулары кісі есімдері. Адамдың аты-жөндерімен жерсу атауларын атау ҚСРО елдерінде өте жақсы жолға қойылған. Әрбір тарихи кезеңінің атақты адамдарының атына берілген елді мекен, көше, мектеп атаулары жетерлік.

Олар әрбір саяси науқанға байланысты өзгеріп отырған. Әрбір ауданда бірнеше елді мекеннің атауын иеленген Ленин, Сталин, Буденный, Тухачевский атаулары бүгінде көмескіленіп барады. Сондай-ақ, тарих тәлкегіне бағынбайтын, халықтың жадында мәңгі қалатын атаулар да бар. Мысалы: Абай, Біржан сал, Гагарин, т.б. Өкінішке орай, біздің өлкеде қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың атымен аталатын не қала, не ауыл, тіпті, мектеп те жоқ екен.

Бір нысаннан екінші бір нысанға атаудың ауысуы, кез келген оним түрін зерттегенде, ең алдымен онимдік бірліктірден жаңа атау жасауға болатынын дәлелдейді. Жалқы есімдердің жалпы есімдерден жасалуы онимдік қорды байытады. Мысалы: Қоңыр, Теректі, Қайынды, Красновка, Вишневка, т.б. Сол сияқты жалқы есімдерден жалқы есімдердің жасалуы да маңызды, ең көп тараған тәсіл. Сол жалқы есімдер де елді мекенге текке берілмеген. Елең еткізетін, жұрттың есінде қалатын мағынасы бар.

Мысалы, *Қадырбай ағашы, Байсал ауылы, Кенжеғалы көлі, Долматово көлі, Оспан алаңы, Атығай қыстағы*. Бұл атаулардан сол жеді жүріп өткен, өмір сүрген кісілердің ізін көреміз, тарихқа үңілеміз.

Сөз тіркестерінен құрылған атаулар.

Атау беруде, яғни ономастика да жер-су, елді мекен, орман, тоғайларды тек атап қоймай, олардың ерекшелігін танытады, сол жерде болған оқиғаны білдіреді. Атау беруде әртүрлі ажыратқыш белгілер,

халықтың наным-сенімі, тәжірибесі, мәдениеті, тыныс-тіршілігі, уәжі рөл атқарады.

Ғалым Ж.А. Манкеева: «Қандай да болмасын, заттың атауы, тек атап қана қоймай, сонымен қатар оны танытады. Ал тану, я анықтау белгілі бір халықтың тарихи дамуына байланысты болғандықтан сол жердегі өмір сүрген қауымның нақты жағдайларынан хабар беріп, ерекшелігін білдіреді», - деп тұжырымдайды.

Мысалы, қазіргі Рассвет ауылынан Қарағашқа қарай *Биебайлаған тоғайы*, ары қарай *Балықты көлі*, осы ауданда *Согров табиғи қорығы*, *Сосновый бор*, *Серебряный бор*, *Вороний остров*, қазір ұмытыла бастаған *«Поляк қырған»* («Расстрел поляков») алаңы тағы басқа атаулардан осы жерде кімдердің өмір сүргені, қандай оқиғалар болғаны, тайға таңба басқандай көрініп тұр. Сөз тіркестерінің бірінші атауы оқиғаға, сол жердің ерекшелігін білдірсе, екіншісі сөз, объектінің не екенін анықтайды.

Уақыт өте келе, ол белгілердің көбі өзгеріп, әртүрлі тарихи оқиғаларға, әлеуметтік, экономикалық жағдайларға байланысты ұмытылуы да мүмкін, бірақ атаулар тілде өмір сүре береді. Жалпы атау беру, сол халықтың менталитетін білдірсе керек. Мысалы: *Биебайлаған тоғайы*, *Бұзауемген ағашы*, *Қашаған көлі*, *Қасқыр шапқан тоғайы* деген атаулар тек қазаққа ғана тән.

Сөздердің бірігуі арқылы жасалған ономастикалық атаулар.

Өмір шындығы мен тұрмыс болымысы тіл фактілеріне айналып, халықтың тұрмыс тіршілігі, тәжіри-

бесі, салт-дәстүрі, наным сенімі, әртүрлі заттар түрінде сөзбен бейнеленеді. Осынын негізінде ол затты танып, біліп, басқалардан ажыратып танығаннан кейін ат қояды. Мұндай ажыратқыш белгілер әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы: түр-түсі, қызметі, көлемі, орналасқан орны, басқа затқа қатысы, ұқсастығы.

Адамдардың санасына қонбаса, кез-келген атау бүкіл халықтық атау бола алмайды. Жалқы есім, яғни атау болу үшін, объектінің өз ерекшелігі, орналасқан жері, пайдасы мен зияны, тағы басқа факторлар әсер етеді де, сол жер судың, объектінің образы қалыптасады. Ат қойып, айдар тағу оңай емес. «Қазақ жайдан - жай ат қоймайды, оның бәрі терең зерттеуді қажет етеді» - деп, Елбасымыз туған жердің атаулары мен қасиетті жерлерін зерттеп, танудың қажеттілігін баса көрсеткен болатын. Орыс тіл білімінің ғалымы А.Ф.Журавлеваның анықтамасы бойынша, біріншілік атау – атауы жоқ затқа ат қою, ал екіншілік атау – жаңа затқа қолданылып жүрген атауды беру. Екіншілік атау – жаңа атауды тілге бұрыннан қалыптасқан атау арқылы жасайтын тілдік құбылыс. Жаңа атауды беру, бастапқы мағынасымен ұқсас болуы да, ал кейде бастапқы мағынадан тәуелсіз болуы да мүмкін. Сонымен ономастикада сөзжасам, аффикстер арқылы жасалатыны айтылады.

Сөздердің бірігуі арқылы жасалған атаулар, әсіресе қазақ – орыс тілдеріне тән.

Зат есім мен зат есімнің бірігуі арқылы жасалған атаулар.

Қазансу - Воскресенское. Қазан - зат есім, су - зат есім, Ташкентка - Тасқала. Ташкент - тас - зат есім, қала - зат есім. Петерфельд - (Петр жазығы -нем., Петрово поле –орыс.) Петер - зат есім, жазық - зат есім.

Түр-түсіне, көлеміне және қасиетіне байланысты атаулар да кездеседі.

Ғалым Б.Қасым түр-түс атауларының мағыналық қолданысын адамға, қоғамға, табиғатқа қатысты үш үлкен топқа бөліп, оларды шінара бірнеше кіші топтарға жіктеген. Соның ішінде табиғатқа қатысты күрделі атаулар құрамындағы түр-түстің қолданысын: аспан әлеміне қатысты (көк аспан, сары жұлдыз), табиғат құбылыстарына қатысты (қара нөсер, ақ қар, көк мұз), өсімдік дүниесіне қатысты (аққайың, ақселеу, сарыбуын) және жер бедері мен дала жыныстарына (Белое, Пестрое, Қызылжар, Сарыарқа) қатысты қолдануларын жатқызады.

Бұл лексика-семантикалық топтағы сөздер лексикалық мағыналарына қарай топтастырылған. Ұлттық ономастикамызды лингвокогнитивтік тұрғыда, яғни танымдық тұрғыда зерттеген ғалым Қ.Қ. Рысберген ғылыми жұмысында ұлттық топонимдік концептінің когнитивтік құрылымын модельдеу мәселесі, ұлттық топонимикон мен ұлттық сананың шарттылығы, өзара байланысының мәдени парадигмада қарастырылып келгендігін айта отырып, ұлттық топонимдік кеңістіктің, ең алдымен ұлттық дүниетаным, мәдени болмыс пен қоршаған ортаның табиғи, физика-географиялық ерекшеліктеріне сай, идеографикалық белгілеріне

сәйкес лексика-семантикалық өрістерге ұйымдасып, категорияланатындығын және концептуалданатындығын айтады [5, 676.].

Ғалым топоним бейнесін ғаламның тілдік бейнесінің үзігі ретінде қарастыруды ұсынады. Қазақ тілі жер-су атауларын зерттеген ғалымдардың еңбектерінде топонимдер номинациялық, уәжділік типтеріне, этномәдени ерекшеліктеріне қарай топтастырылған. Атап айтар болсақ, А. Жартыбаевтың классификациясында:

- материалдық мәдениетке байланысты топонимдер: мекенге байланысты, мал шаруашылығына, егін, бау-бақшаға т.б. байланысты топонимдер;

- рухани мәдениетке байланысты топонимдер;

- төрт түлік түрлеріне қатысты мифонимдер;

- көпшелі тұрмыс-салт, дәстүрге қатысты, танымдық топонимдер;

- өсімдік, жан-жануарларға қатысты топонимдер, т.б. жіктейді;

Озен-су атауларының өсімдік, оқиға, судың дәмі, түр-түс, пішін, кескініне байланысты қойылған атаулар.

*Сарыарқа* – Сары - сын есім, арқа -зат есім.

*Қызылжар* – қызыл- сын есім, жар-зат есім.

*Қараағаш* – кара-сын есім, ағаш-зат есім, Қара-сын есім, шілік – зат есім.

*Қарабұлақ* – кара-сын есім, бұлақ-зат есім.

Сын есіммен зат есімнің бірігуі арқылы бір ұғымды, бір атауды білдіреді. Сондай-ақ, бұл атау орыс тілінде де жиі кездеседі:



Красный Яр, Красногор болып келеді. Красный – сын есім, яр, гора - зат есім.

Қазақ тілінде – ақ, көк, боз, ала, сұр тәрізді түр-түс атауларымен аталған елді мекендер жиі кездеседі. Мысалы: Ақбас, Ақбай, Ақкөл. Бұл атауларда ақ сөзі кейде таза, мөлдір деген ұғымды да білдіреді.

Көлеміне қарай берілген атаулар.

*Ұзынкөл* – ұзын - сын есім, көл - зат есім,

*Ұзынқарағай* – ұзын - сын есім, қарағай - зат есім,

*Ұзынжал* – ұзын - сын есім, жал - зат есім,

*Шолақсу* – шолақ - сын есім, су - зат есім,

*Шолақөзен* – шолақ - сын есім, өзен - зат есім.

*Кривозерка* (Қисықкөл) - қисық - сын есім, көл - зат есім.

*Төменай* – төмен үстеу, ай - зат есім.

*Узкое* (Жіңішкекөл) – жіңішке - сын есім, көл - зат есім, т.б.

Санға байланысты берілген атаулар.

*Бескөл* – бес - сан есім, көл - зат есім, елді мекеннің айналасындағы көлдердің санын білдіреді.

*Қосағаш* (*Михайловка*) – қос - сан есім, екі, жұп деген мағынаны білдіреді, ағаш - зат есім.

*Жалғызтөбе* – жалғыз - сан есім – біреу, жалқы деген мағынаны білдіреді, төбе - зат есім.

*Семипалатное* – семь - сан есім, палата - зат есім.

Қасиетіне, ерекшелігіне қарай қойылған атаулар.

*Ащыкөл* (*Горькое*) – Ащы - сын есім, көл - зат есім.

*Тұздыкөл* – тұзды - туынды сын есім, көл - зат есім.

*Тұщыкөл* – тұщы - сын есім, көл - зат есім.

*Жалтыркөл* – жалтыр - жарқыраған, таза мөлдір -сын есім, көл - зат есім.

Қазақстан топонимдік кеңістігіне Ресей үкіметінің отаршылдық саясаты әсер етті. Онымен бірге Кеңес Үкіметі кезінде қоғамдық өмірдің барлық деңгейінде (мәдениет, тіл, ғылым, өнер, экономика, саясат т.б.) үстемдік құрған социалистік, коммунистік идеология, тоталитарлық саясат ұлттық бірегейліктің басты белгісі жер-су атауларында анық көрініс тапты. Ата-бабаларымыз ат қойып, таңбалаған атауларымыз тілдік бұрмалауларға ұшырады.

Кірме сөзді топонимдердің құрамында -овка, -инск, -ов, -ев, -ое, -ское, -ин, -ка сынды жұрнақтар кездеседі. Бұл – қосымшалар жалқы есімдерге ғана жалғанатын жұрнақтар. Мысалы: Воровской, Долматово, Желяково, Пресное, Малиновка, Горькое, Платовое, Шаховское, Николаевка, Новогеоргиевка, Надежка, Вознесенка, Кустовое, Ивановка, Барневка және т.б.

Орыс тілінен енген біріккен жер-су атаулары:

*Новоникольское* – «новое»-сын есім, Николай - зат есім.

*Новокаменка* – «новый» - сын есім, «камень» - зат есім.

*Новоалександровка* – «новый» - сын есім, Александр - зат есім.

*Водопроводное* – «вода» - зат есім, «провод» - зат есім.

*Боголюбково* – «бог» - зат есім, «любить» - етістік.

*Новогеоргиевка* – «новый» - сын есім, Георгий - зат есім.

*Красноярка* – «красный» - сын есім, «яр» - зат есім.

*Красноперовка* – «красный» - сын есім, «перо» - зат есім.

Топонимжасамдық уәждеме бірліктердің өзіндік ерекшеліктері мынадан көрінеді. Ол жер-су атауларының пайда болуы себептерімен байланысты. Олардың бірнеше түрлері бар. Күрделі аталымдардың бірінші – бағыныңқы сыңарлары негізінен:

жануарлардың түрлеріне байланысты (дала жануарлары, үй жануарлары, құстар, балықтар, жәндіктер);

- 2) өсімдік жамылғысына;
- 3) жер бедеріне;
- 4) микротопонимдердің табиғи және жасанды түрлеріне;
- 5) қазба байлықтар, минералдарға;
- 6) метафораларға;
- 7) жердің, судың қолайлы, қолайсыздығына;
- 8) тарихи оқиғаларға;
- 9) қоғамдағы идеологияға;
- 10) түр-түске;
- 11) дәм, көлем, мөлшерге;
- 12) сандық ұғымдарға;
- 13) шаруашылыққа;
- 14) прецеденттік жағдаятқа;
- 15) әлем кеңістігіндегі денелерге;
- 16) діни ұғымдарға;

- 17) адам есімдеріне;
- 18) салт-дәстүрге;
- 19) судың ағысына;
- 20) ландшафтық ерекшеліктерге;
- 21) климатқа және гидрометеорологиялық факторларға жағдайларға байланысты болып келеді.

### **Кісінің аты-жөндеріне берілген атаулар.**

*Новоникольское* – Николай, көшіп келген шаруаның аты. Кондратовка – Кондратов помещиктің фамилиясы. Сол сияқты, Надежка, Георгиевка, Ивановка, Долматово, Николаевка деген атаулар адамның аты-жөндерімен байланысты қойылған атаулар.

*Тарихи оқиғаларға байланысты берілген атаулар да көрініс береді.*

*Красный Октябрь селосы* – Қазан төңкерісі – 1917 ж. 25 қазанда Петроградта болған ірі әлеуметтік-саяси, тарихи оқиға.

*Чапаево селосы* – белгілі революционер Чапаев Василий Ивановичтің құрметіне аталған. Ол Азамат соғысының батыры, 1914-1918 ж. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Подпрапорщик атағын алып, 3 рет Георгиев кресімен, медальдармен марапатталған. 1917 ж. Кеңес өкіметі жағына шығып, ақтарға қарсы соғысты.

*Полковниково* – село тұрғындарының айтуынша XIX ғасырда жер аударылғандардың біреуінің фамилиясы десе, енді біреулер – патша армиясының жер аударылған полковниктің шенімен байланысты дейді, нақты мағлұмат жоқ.

*Трудовое селосы* – 1910 жылы Кардовское деп аталған, Полтавское ауданына, кейін Бейнетқор ауданына қараған. 1924-1928 жылдары арасында колхоздастыруға байланысты, «Борьба за коммунизм», «Советский заготскот», «Черкасское» ауылдарын біріктіріп Трудовое деп атаған.

*Воровское селосы* – публицист, революционер, дипломат Воровской Вацлав Вацлавовичтің атымен аталған (1871-1923 жж). Қазір Петропавл қаласында Воровская көшесі де бар.

*Христиан дініне байланысты қойылған атаулар.*

Жерімізге көшіп келушілердің көбі христиан дінін ұстанушылар болғандықтан, осы дінге байланысты атаулар жиі кездеседі. X ғасырда Константинопльдегі Блохерн храмына Матушка келіп ғибадатшы христиандардың төбесіне жамылғысын (Покров) жауып арабтарға қарсы соғыста жеңіске жетулерін тілеп, батасын береді. 14 қазан күні атап өтілетін мейрам, соның құрметіне қойылған Қызылжар ауданында *Покров селосы* бар. Осы ауданда Архангелка селосы бар, бұрын мұнда осы аттас шіркеу болған екен.

Облыс орталығының өзі де Әулие (святой) Петр атымен салынған бекініс атауы, кейін соғыс қимылдарының пірлері Петр мен Павелдің құрметіне *Петропавл* аталды және 19 маусым, Петров день аталып өтеді.

*Преображение Господня* – Ғайса (Иисус) пайғамбар, адам кейпіне кіріп шәкірттеріне көрінуге келген күн, сөйтіп, Преображение, Преображенка деген село атауларына айналды.

*Вознесенка* – Вознесение господня, яғни Иисус – Ғайса пайғамбардың аспанға ұшып кету рәсіміне байланысты аталған село.

*Воскресенка* – воскресение - Иисустың қайта тірілуі, яғни Ғайса пайғамбар қайта туды, қайта жаратылды дегенді білдіреді.

*Боголюбово* – бога любить, құдайды сүю, құдайға табыну деген мағынаны береді.

Әрине XVIII-XIX ғасырда қоныс аударған адамдар өз діндерін ұлықтап, жақсы тұрмысты, бостандықты аңсап келгендіктен, үміттерін үкілеп, құдайға табынып, ғибадатхана салып, тұрғылықты мекендерін де, құдайдың - пайғамбарлардың атымен атауы заңдылық.

*Өсімдіктердің атауларымен байланысқан елді мекендер атауы:*

*Малиновка* – таңқурай, осы селода көп таңқурай өсіп және жақсы өнім береді, сондықтан селоның аты Малиновка деп аталды деген сөз бар.

*Кустовое* – шок, әр жерден көшіп келген адамдар өздерінің жерлестерімен жеке-жеке шок болып орналасқан, әрқайсысының өз көшесі болған екен.

*Березовка* – қайыңды, яғни елді мекен қалың өскен, ну қайыңның орғасында орналасқан.

*Вишневка* – шиелі, бұл жерде жабайы шиелер көп өсетіндіктен аталған.

*Виноградовка* – Украинадан XVIII ғасырда көшіп келген, украиндармен бірге Бессарабиядан молдовандар келіп қоныстанған және елді мекенді осылай атаған, себебі олар жүзім өсетін аймақтан көшіп кел-

ген еді. Туған жерлерін есте сақтаудың бір тәсілі - өздерімен бірге туған жердің атауын ала келу.

*Дубровное* – еменді, сол жерде өсетін қылқан жанырақты өсімдіктердің көптігімен байланысты.

*Вагулино* – вагильник, иісі шыбын, шіркейлерді үркітіп адамға жолатпайтын өсімдіктің атауы, сол жерде өсетін өсімдікпен байланысты қойылған.

*Құстардың атауларымен байланысқан елді мекендер атауы:*

*Ольшанка* – торғай тұқымдас құс. Осы ауылдың төңірегінде көл, сай көп болғандықтан, бұл жер көптеген құстардың мекені. Жаздың басында ұшып келген құстар жаздың аяғында жылы жаққа ұшып кетеді. Тек торғай тұқымдас Ольшанка атты құс осы жердің байырғы тұрғынындай қыстап қалатын көрінеді. Сол срекшелігіне байланысты тұрғындар өз ауылдарын Ольшанка деп атаған.

*Гусиное көлі* – жабайы және үй қаздарының мекені.

*Лебедки* – аққулы мекен. Бұл селоның жанында Лебязье, Лебеденок атты көлдер мол. Көлдердің атымен байланыстырып, селоны да Лебедки деп атаған.

## **ЖЕР – СУ АТАУЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АҢЫЗДАР**

Аңыздар тарихта шын мәнісінде болған әлдебір оқиғаларға құрылады, әрі осы оқиғалар көбіне нақты бір мекенмен, тау-таспен, өзен-көлмен байланыстырылады. Мұндай аңыздарға Бурабай, Баянауыл, Қа-

рағанды, Жекебатыр, Шайтанкөл, Екібастұз, т.с.с. жер аттарымен байланысты аңыздар ел арасына кең тараған. Бір тілде сөйлеуші халықтардың бәріне ортақ мәдени-ұлттық байлықтың тілдік көрінісі прецедентті есімдерден көрінеді. Ол белгілі, атақты адамдар мен тарихи тұлғалар есімдерінен жасалған атаулар, ауыз әдебиеті мен жазба көркем әдебиет кейіпкерлерінің есімінен жасалған атаулар. Прецедент есімдерді сөз еткенде халқымыздың ұлттық санасынан орын алған жан-жануарлар, аң-құс атауларынан айналып өте алмаймыз. Осы сияқты атауларды аңыз, әңгімелерден іздестіретініміз заңды.

Аңыздар – халықтың ауызекі шығармашылығының ерекше жанры, оларда халық қиялы нақты жағдаяттарды еркін сапырып, оқиғаларды өзінше пайымдайды.

Аңыз бойынша, Есіл өзенінің түпкі аты – Есір болған екен. Бұл жөнінде І.Есенберлиннің «Алтын Орда» атты тарихи трилогиясының екінші кітабында айтылған: «Асан Қайғы кесесінен қымызын бір ұрттап алып қайта сөйлейді. Теріскейінде алты күнде ат семіртіп мінетін көкпегінен қой көрінбей өретін, Нұра барып құятын – жағасына мың сан жылқы сиятын суыменен жары тең жарылысымен бары тең, кең даласы көзжетпес боп көсілген мал адамы тойынып, тойып есірген, көрікті өзен Есір көрдім. Есір – сенің атың есіремес – Есіл», сөйтіп жазушы Есіл өзенінің атын шығармасында Асан Қайғыға қойдырады, бұл да халықтық этимологияның бір түрі.



*Подгорное селосының* тарихы да тартымды. Алғашқы атауы *Выселка*, XIX ғасырдың басында Киев, Полтава губернияларынан қарашекпенділер көшіп келген. Өздері қоныстанған жерді *Выселка* деп атаған. Бұл ауылдың үстінен Колчактың армиясы өткен дейді. Қазірге дейін оның ізі сақталған. *Секретное* деп аталатын көлдің өз атауы айтып тұрғандай, көп құпияның куәсі. Себебі, революция кезінде бүлікшілерді осы көлге батырып, өлтірген.

1929 жылы жергілікті коммуна, *Победа колхозы* (Дмитрово), қазіргі *Новокаменка*, әуелде колхоз «*Передовая беднота*» деп аталған.

1935-1936 жылдары Новокаменкада шіркеу болған екен, комсомолдар оның қоңырауын алып, астық сақтайтын орынға айналдырыпты. Қоңыраудың ауырлығы, үлкендігі сондай, тіпті ат тарта алмапты. Үлкендер әрине қарсы болып, жастарға тас лақтырып, қарғыс айтқан. Сол кезде шіркеу қызметкері болған Михаил Константинович Лебедевтың ұрпақтары бүгінде Семей қаласында тұрады. Ал сол кездегі жаңа тұрмыс - колхоз құрған комсомолдың көбі Ұлы Соғысынан оралмапты. [7, 64б.]

*Соколовка ауылы* – Иманбұрлық өзенің жағасында орналасқан, Украинадан келген шаруалар жергілікті ағаштарды пайдаланып, рұқсатсыз баспана салған, тіпті еш құжаттары болмапты. Олар Неверовтар, Неждановтар. Бұл жер Бабық деген байдын жайлауы екен. Жергілікті қазақтар өз жайлауларын сақтап қалу үшін келімсектерге қарсы шыққан, әлденеше рет қақтығы-

стар болыпты. Олардың елді мекені *Самодуровка* деген атауға ие болды. Иманбұрлық өзенінің жағасында терең сай бар, оны *Қаражар* (Черный яр) деп атайды. Осы жерге бірнеше отбасы келіп, қоныстанып Соколовка деп атаған, ал қазақтар осы жерді *Шақшалы* дейді.

1903 жылы Соколовкада өрт болып, сол кездегі мәлімет бойынша, өрт әдейі қастандықпен жасалған деседі. Барлық үйлер түгел күйіп кетеді де, тұрғындар Самодуровкаға көшіп келіп, құлаққа жағымды Соколовка атауына ауыстырады. (Мағлұмат беруші, жергілікті қария Мордеинов И.С.).

*Красная горка* – 1928 жылы құрылған. Көнекөз қариялардың айтуынша, бұл жерден азамат соғысы кезінде Колчактың отряды, кейін Тухачевскийдің әскері өткен. 1970 жылы студент археологтардың зерттеуі кезінде сол кезде қолданған қару-жарақ мол табылған. [7, 45б.]

*Бугровое селосы* – 1867 құрылған. Ақмола губерниясына жер аударылған революционерлерді 1864 жылы ағаш даярлауға осы жерге әкелген. Олар көлдің жағасында оздеріне землянка, яғни жерден қазған үйшіктер орнатқан. Ауыр жұмыс, ауа райының қатандығы оларға оздеріне берілген міндетті бір жазда орындауға мүмкіндік бермейді, сөйтіп олар осы жерге қыстауға мәжбүр болды. 1867 жылы Петропавлдан Бугров деген помещик келіп жер аударылғандарға ағаш даярлауға тапсырыс береді және диірмен, амбар салуға ақша береді. Сөйтіп, жер аударылған революционерлер Бугров по-

местьесінің жанынан өздеріне үй салып, үйленіп, мал осірумен айналысады. ( Петропавловский госархив, дело №56, стр 32.Бенюх).

Сол ауылдың байырғы тұрғындарының айтуынша село Бугровое деген помещиктің арқасында құрылған.

А.А. Кауфманның «Материалы для изучения экономического быта государственных крестьян и инона-родцев Западной Сибири» (Санкт –Петербург,1889г), автор осы жерде 1888 жылы болып, Бугровое селосы Есіл өзенінен 133 верста орналасқан, 14 үй бар. Бугровое көлінің жағасында орналасқан тұрғындар егін егіп, үкіметке салық төлеп тұруға міндетті болған екен деп жазыпты. [7, 366.]

*Долматово* – 1758 жылы Т.Д Булашев Коркина Слободасынан (Түмен) келіп, осы жерге орналасқан. Ол кезде бұл *Волчий мыс* деп аталған, кейін келімсектер келіп орналасқаннан кейін, *Волчино* деп атады. Бұлай аталу себебі қасқырлар өте көп болған. Ауыл төмен ойда орналасқан. Ауылдың үстін үнемі ақ тұман басып тұратын болғандықтан, жазықтық сұр түсті болып көрінеді, сондықтан тұрғындар долина матовая - Долматово деп атаған.

1825-1826 жж. декабрь көтерілісінен кейін Николай I, жүз бес декабристі Сібірге жер аударған. Сол декабристер жолда Долматово селосында болып өз күнделіктерінде осы селоның табиғаты, географиялық жағдайы, адамдардың тұрмыс-тіршілігі жайында мағлұмат қалдырған [7, 486.].

*Трудовое* – 1912 жылы, орталық Ресейден келген шаруалар негізін қалаған және Кордовский деп атаған. Бұл осы жерді шаруаларға бөліп берген чиновниктің фамилиясы. Кеңес үкіметі құрылғаннан кейін 1 Мамыр мерекесінің құрметіне яғни «Май, Труд, Мир» деген лозунгке байланысты Трудовое деген атауға ие болған.

*Березовка* – 1917 жылға дейін, бұл жер Виденский деген помещиктің жері болған. Столыпин реформасына байланысты 1917 жылы, Украинадан келген Эрдман Кункеев, Сухотский дегендер 616 десятина жерді жалға алған. Селода 5-6 үй болған. 1926 жылы, бастауыш мектеп ашылып, бірінші ұстаз Реймер Отолия Карловна болды.

1929 жылы, колхоз «Нойес Лебен» деген атқа ие болды. Бұл атау көпке бармай, колхоздастыру кезінде «Красный пахарь» деп өзгертілді. Кейін, бірнеше колхоз: «*Красный пахарь*», «*Красный Октябрь*», «*Дозор Ильича*» бірігіп Березовка совхозы құрылды. Селоны айнала өскен, қалың қайыңдар болғандықтан осылай атанған.

*Вишневка* – Поганка көлінің жанында. Аңыз бойынша, бұл селоның бір тұрғыны көрші селодан сиыр ұрлап, оның тұяқтарына қолдан тіккен аяқ қап кигізіп, қалың өскен жабайы шиенің арасына әкеліп, тығып қояды. Бірақ, бірнеше күн сабылып іздеген иесі сиырды тауып алады да, осы жерді Вишневка деп атап кетеді. Вишневка - шие-шиелі.

*Дубровное* – еменді, сол жерде өсетін қылқан жапырақты өсімдіктердің көптігімен байланысты.

Сенаттың бұйрығы бойынша Есіл шебінің (Ишимская линия) бойымен қазақ даласына орыс, украин шаруалары келіп қоныстана бастады. Қазан, Пенза, Орлов, Рязань т.б губерниядан келгендер жеңілдетілген (льготные) жер алып, үй сала бастады. 1844 жылы келгендер 27 тұрғылықты мекен орнатты. Қазақтар өз жерлерін қалдырып 30-50 верст шегініп, көшуге мәжбүр болды.

## ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ ТОПОНИМДЕРІ

Есіл ауданы – облыстың орталығында орналасқан әкімшілік бөлініс. Ленин (1928ж.) және Мәскеу (1972 ж.) аудандары негізінде 1997 жылы құрылды. Аудан аумағы 5,12 мың км<sup>2</sup>. Есіл ауданына 15 округке біріккен 61 елді мекен кіреді. Аудан орталығы – Явленка селосы. Ауданның жер бедері жазық келген. Климаты тым континентті. Ауданның көрікті ғажап өңіріне өзгеше өң беретін Есіл өзені басып өтеді. Есілден басқа *Қамысақты өзені* ағады. Ауданда 50-ден астам көл бар, олардың ең ірілері: *Үлкен Тораңғыл, Алуа, Кіндікті, Ащы* т.б.

*Есіл* – Қазақстанның Солтүстік атырабындағы суы мол өзеннің аты. Сондай-ақ аудан аты (Солтүстік Қазақстан облысы).

Қазақ «ес» етістігінің (бұйрық рай) өзгелік етіс түріндегі есіл формасынан қалыптасқан атау. Есіл өзені – Сарыарқада биіктігі 400-500 метр Нияз тауынан басталып Батыс Сібірге жеткенде Ертіске Құяды. Қазақстан

территориясында Есілдің ұзындығы 1400 километр. Егер ұзындығы жағынан Дон өзенімен қатарласса, су шығыны Доннан алты есе кем. Өзеннің су жиналатын алқабы 144 мың км<sup>2</sup>, ал республикамыздағы аумағы 113 км<sup>2</sup>. Есіл өзені Астана және Солтүстік Қазақстан облыстарын басып өтеді. Есілге *Колутон, Терісаққан, Аққанбурлық және Төменгібурлық өзендері* қосылады. Есіл жазықтық өзеніне жатады, сондықтан оның шығыны қар, жер асты суы және жауын-шашынмен толығып отырады. Олай болса, су шығыны ауа райына байланысты – кей жылдары мол, кей жылдары өте аз болады. Судың жылдық орташа шығыны Астана қаласының тұсында секундына 6,2 текше метр, ал Петропавл қаласының тұсында секундына 57,7 текше метрге дейін барады. Сәуір айында Астана маңында орташа жылдық су шығыны он есе көбейсе, Петропавл тұсында 7 есеге дейін көбейеді, сол кезде су деңгейі Астана қаласының тұсында 2 метрден 4 метрге дейін көтерілсе, Петропавл қаласының маңында 4 метрден 9 метрге дейін көтеріледі. Есіл өзенінің бойында Есіл, Сергеев, Осакаров және тағы басқа су қоймалары бар. Облысымызда Есіл өзенін алып қарасақ, көлемі жиырма немесе жиырма екі метр солтүстігінің жартысын алып жатыр, тереңдігі 50 метрге жақын. Есіл өзенінің ауасы таза және адамдарды ыстықтан сақтайды. Ол облыс территориясының ең әдемі, сұлу жерлерінің бірі болып саналады. Өзеннің оң жағалауына 1752 жылы шағын бекініс қорғаны ірге тепкен болатын. Қазір қорған қабырғасының тек орны қалған, ал қала қанатын кеңге жайып, сол жағала-

уга да шығып кетті. Тек Есіл өзені ғана сол баяғы қалпынша өз арнасымен толқи ағып, Ертіске қарай тартып бара жатады. Ол кешегі күннен бүгінгі күнге және ертеңгі болашаққа қарай асығады [11, 5 б.].

Аудан топырағының негізін кәдімгі қаратопырақ құрайды. Одан басқа шалғынды қаратопырақ, шалғынды және орманның шақатты топырағы мен сортаң топырақ кездеседі. Өсімдігі: ақ селеу, бетеге, жусан, сұлыбас, қамыс т.б. Шие, қарақат, итмұрын т.б. бұталы ағаш шоғырлары кездеседі. Ағаштардан қайың, көктерек, қарағай, терек өскен. Тағы аңдардан – бұлан, елік, қабан, қасқыр, түлкі, қоян, қарсақ, суыр, ондатра т.б. кездеседі. Құстардан: аққу, қаз, үйрек, құр т.б. бар.

Аудан көлеміне кіретін 16 ауылдық округтің тек 5-нің (26%) ғана атауы қазақша. Олар: Алматы, Амангелді, Бесқұдық, Бұлақ, Тораңғыл. Ал қалған 11-нің (74%) атауы орыс тілінде: Явленка, Волошин, Заградов, Заречный, Ильин, Корнеев, Николаев, Петров, Покров, Спасов, Яснoв.

Аудан бойынша атаулардың жалпы саны – 61

Қазақ тіліндегі атаулар – 16

Орыс тіліндегі атаулар – 45

Аудан орталығы – Явленка. Явленка – орыс атауы. Бұрынғы қазақша атауы Мұса болған екен. Мұса – Әлібек деген кісінің баласы, аға сұлтан болған деседі. Мұның өзі ХҮІІІ ғасырда болса керек. Атаудың өзгеру себебі 1905-1906 жылдары орыстардың осы төңірекке келуіне байланысты. Кейде орыстар Мусин



деп те атап жүрген. Қазақшалағанда Мүсін «Явленка» деген сөздің өзі «явленное» деген сөзден шыққан. Яғни орыс халқының қазақ ауылдарына келіп орналасуымен тығыз байланысып жатыр. Келесі кезекте осы ауданға қарасты кейбір елді мекендердің атауларының шығу себептеріне назар аударалық.

Есіл ауданында бізді көп қызықтырғаны, негізінен, жер, су, жайлау, қыстау, сор, шоқ, тоғай, төбе, сай атаулары. Қайсыбір жер атын, су атын алсақ, оның атауының өзіндік бір сыры, өзіндік тарихы бар. Тарихты жасаушы халық, оның озып шыққан өкілдері екендігін көрсетеді. Осы жүйріктер мен тұлпарларды ұрпақтары ғасырдан ғасырға халқы қойған, елі атаған есімімен жеткізеді. Есімдердің халық жадында мәңгілік сақталуы ат қою сәтіндегі уәждердің шынайы, дәлдікпен таңдалғандықтан деп түсінеміз.





Нысанға алып отырған аудандарда орыс-қазақ аралас тұрады. Көп ауылдардың аты орысша атауымен аталған. Оны белгілі бір тарихи-әлеуметтік, саяси жағдаяттармен тығыз байланыста алып қарастырамыз. Жер-су атаулар әсіресе, көне атаулар тарихи ескерткіштер іспеттес. Өйткені онда өткен дәуірдің әлеуметтік жағдайы, тұрмысы, этнографиялық ерекшеліктері, ең негізгісі сол кезеңдегі тілдің қалпы көрінген. Сондықтан аталмыш еңбекте кейбір елді мекендердің атауларына байланысты аңыз-әңгімелерге көңіл аударып, хатқа түсіруді мақсат еттік.

*Алқа* – Есіл ауданындағы ауылдың аты. Заречный ауылдық округіне кіреді. Колхоздастыру кезінде құрылған. Алқа негізгі мағынасы: «қыз-келіншектер мойнына сәнге тағатын әшекейлі зат. Сақ, ғұн, түркі қағандарының лауазымын білдіретін алтын алқа-

лары болғанын археолог ғалымдар дәлелдеп отыр. Ауыл атауының шығуына байланысты бірнеше аңыз тараған. Бірнеше жайлауда отырған шағын ауыл адамдары жиналып алқа-қотан жиналып ақылдасып, бір жерге қоныстануды шешкен деседі. Ауылдың аты Алқа болсын деген екен. Енді бір деректер бойынша бір байдың қызының қымбат алқасы жоғалған, содан Алқа атанған дейді. Келесі бір деректерде алқа сөзін ақ жарқын мағынасымен байланыстырады.

Ақ есіл – ақ отауым, алқа көңілім,  
Қайың бақ, ойдым орман, қамқа жерім,  
Ақынның аманат бір жырындай-ақ,  
Аңсаймын да тұрамын Арқа желін,

– деп Мұқағали Мақатаев жырлағанда осы мағынаны білдірген болатын.

Сонымен қатар, алқа сөзінен метафоралық топонимдер жасалады: 1) «сырт бейнесі алқа тәрізді екі шеті жіңішке, ортасы жалпақ дөңгелене біткен кез келген географиялық нысан»; 2) «алқа шөбі өсетін жер»; 3) алқап (алқа+п) «өңір, аймақ» деген мағынаны білдіреді. Бұл жорамалдар негізсіз емес. Осы үш жорамалдың жобасын анықтауды тарихи тұрғыдан қарастырып, әлі де болса анықтай түсудің қажеттілігі туып отыр.

*Жарқайың* – ауыл. Ауылдың аты «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен тарихқа енген 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығымен байланысты. Бұл қанды қырғын халқымыздың санын ойсыратып тастағанымен, елдігін, даласындай дарқан пейілін,

тауындай биік өрлігін жеңе алмады. Әсіресе, ұлт тәуелсіздігі үшін күресте қол бастаған айбынды батырларының ерлікке толы іс-әрекеттері аңыз, жырға айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Жоңғарлармен қырғын соғыста аты шыққан батыр – Жанатай батыр. Түбі – Өрнек ауылынікі, 1724 жылдың өзінде жоңғарларға тойтарыс беруге әрекет жасайды. Бір күні ол өзінің қолымен жоңғарларға қарсы күреске аттанады. Тоқтаған жерлерінде биіктеу бір жар бар екен. Сол жардың басында жалғыз қайың жапырағымен төгіліп тұрған көрінеді. Сол жерде Жанатай батыр жауды күтіп, 2 күн дамылдайды. Содан бері қарай сол жер «Жарғайың» аталып кетіпті.

*Мектеп* – ауыл. Бұрынғы атауы – *Дауымбай* ауылы болған. Бұл жерде ең алғаш мектеп салынып, кейіннен Мектеп ауылы аталып кеткен.

*Өрнек* – ауыл. Мағынасы: оюлы бедер, көркемдік зейнет, нақыш, әшекей, сән деген мағынаны білдіреді. Табиғаты өте әдемі, тауға ұқсас биік тастары бар, өрнекке ұқсас болғандықтан осылай аталған.

*Волошинка* – ауыл. Ауылдың бұрынғы атауы «Придорожное», бұл жерден Петропавл-Атбасар жолы өтеді. 1911 жылы Волошинка селосы құрылды. Бірінші жер ауып келген Степан Волошин осы жердегі шаруалардың басшысы болған, соның құрметіне Волошинка деп аталып кеткен.

*Заградовка* – ауыл. Көлден тауға қарай жерде орналасқан, табиғи және басқа апаттардан аман болсын

деп Заграда деп атаған. Заграда – қорған деген сөзді білдіреді.

*Малиновка* – ауыл. Малина дейтін тегі бар бірінші қоныс аударушының есімімен аталған екен. Қазір Малиновка селосы жоқ. 1998 жылы соңғы отбасыларының көшуіне байланысты ауыл ыдырады.

*Рубановка* – ауыл. Рубан деген адамның тегі бар адамның есімімен аталған. Ауыл Малиновкадан ерте жойылып кеткен.

*Славянка* – ауыл. Қазақстанға Украинадан қоныс аударған славяндардың атауымен аталған.

*Бұлақ* – ауыл. Кезінде Оспан қажы деген бай шұрайлы жеріне, құнарлы топырағына қатты қызығып, осы жерге қоныстағанды жөн көреді. Ауылдың етегінде бірнеше бұлақ көздерінен аққан судан көл пайда болған. Ауыл атауы орналасқан жеріндегі осы географиялық ерекшелігіне байланысты қойылған.

*Тамамбай* – ауыл. Отырықшыландыра бастаған уақытта осы маңайда Тамамбай деген болыс болыпты. Ірі-ірі қара мал, мың бас қой, үйір-үйір жылқы ұстаған екен. Сол кезде кең шұрайлы жер іздеп осы маңға келген екен. Жері шұрайлы, мал жаюға қолайлы болғандықтан, Тамамбай болыстың айтуымен халық осы маңға тұрақтапты.

*Жамбыл* – ауыл. 1929 жылы құрылған. Бұл ауыл халық ақыны Жамбыл Жабаевтың есімімен аталған.

*Ақтас* – ауыл. Ауыл тұрғыны Бердібек Саттарұлының айтуы бойынша, Ақтас ауылы 1929 жылы колхоз болып құрылған. Бүгінгі күнде Есіл ауданы, Бұлақ

селолық округінде қарайды. Колхоз болып біріккен кезде, ауыл маңында табиғи, үлкен-үлкен қойтастар болған, сол себепті ауыл адамдары бірігіп, ауылға Ақтас деген атау берген екен.

*Алабие* – ауыл. Ел арасына тараған әңгіме бойынша, бір байдың жоғалған ала биесінің табылған жерін «Алабие» деп атап кеткен көрінеді.

*Оседлое* – ауыл. Петровка селолық округі. Бұл жерге неміс, удмурд, кәріс, орыс елдерінен жер аударғандар көшіп келіп осы жерді паналаған, сол себепті «Оседлое» атауы берілген.

*Новоузенка* (Олжабай) – ауыл. Корнеевка селолық округі. Бұрынғы атауы – Олжабай байдың жерлері болған, осы төңіректерде малын жайып, баққан. Ресейден XVIII ғасырдан бастап көшіп келе бастаған көпестер қоныстанған кезден бастап атаулары өзгертілген. Жергілікті қазақтар ішкі жаққа ығысып кеткен деседі.

*Петровка* – ауыл. Алғашқы атауы «Плоское», маңайындағы көлдің атауымен аталған, 1891 жылдың 15 шілдесінде христиандардың «Петров день» мерекесіне сәйкес «Петровка» атауы берілген.

*Мальцево* – ауыл. Патша үкіметі кезінде көп орыстар жер аударған, ертеден осылай аталады.

*Ясновка* – ауыл. Ясновка селосының атауы ауа райына байланысты қойылған. 1909 жылы алғашқы тұрғындар Қамысақты өзенінің жағалауына көшіп келе бастағанда, күн ашық, нұрлы болған деседі. Ауыл атауы орыс тілінің «ясное» сөзінен туындаған.

*Двинск* – ауыл. Двинск селосы 1917 жылы Харьков губерниясынан қоныс аударылған Житенко отбасымен құрылған. Кейін ол Двинск атын алды.

*Қаратал* – ауыл. Қаратал ауылының негізгі тұрғындары әу баста қазіргі Бірлікке таман, Есіл өзенінен 4 шақырымдай жерде орналасқан. Ол Мырзағұл ауылы деп аталыпты. Ал 1935 жылы Қаратал ауылының алғашқы қазықтары қазыла бастады. Ауыл талдардың қойнауында орналасуына байланысты Қаратал аталыпты.

*Қарағаш* – ауыл. Қарағаш ауылының аталу себебі: ертеде сол жерді мекендеген рулардың бастары бірігіп, бір ауыл құрмақшы болады. Рулардың аттары көп болғандықтан, талас тудырмас үшін ауыл маңында, аққайындар арасында өскен бір үлкен қара ағаш болған, сол себепті, ру ақсақалдары ақылдасып, ауылдың атын Қарағаш деп атап кеткен. (ауыл тұрғыны Қайрат Хабибуллаұлының айтуынша).

*Қаражар*. Жергілікті қазақтар ертеден жар маңындағы ықтасын жерді қыстау ретінде пайдаланған. Аталмыш жардың өзі алыстан қарауытып, мұнартып көрінеді екен. Осынысына қарап, жергілікті тұрғындар Қаражар деп атап кеткен.

*Сарыкөл* – ауыл. Ауылдың жанында сарғыш түстен күн көзіне шағылысып жататын шағын көл болған. Соған байланысты «Сарыкөл» топонимі пайда болған. Қазіргі уақытта көл құрғап қалды.

*Жекекөл* – ауыл. Есіл ауданының орталығы Явленка селосының оңтүстік батысында орналасқан. Бұрын ол

Андағұл, Құлым қажы ауылы деп аталатын. Жекекөл деп аталатын себебі, Жалғыз осы көлден басқа Есілге дейінгі өңірде суалмайтын су көзі жоқ екен. Осы көл ғана жүз жылдан аса суалмаған, суы ортая түсіп, тартылмаған көл екен. Көлдің суын астындағы бұлақ көзі сарқылмай толтырып тұратын болуы тиіс. Бұрынғы көшіп-қонып, бытырап жүретін ауылдар кеңестік дәуірдің әйгілі ұйымдастыруы кезеңінде 1929 жылы алғашқылардың бірі болып “Жекекөл” колхозына бірігеді. Ал 1935 жылы “Жекекөл” колхозы мен “Мереке” колхозы шағын әрі көршілес болған соң, біріктіріліп, оған Амангелді аты беріледі. Ол әуелгіде Ленин ауданында болса, кейін Приишим ауданына қараған. Ал 1978 жылы “Мереке” кеңшары ұйымдастырылғанда, Жекекөл соның қарауында қалды. Қазіргі күнде Амангелді селолық округінің құрамында.

*Қоржынкөл* – ауыл. Қоржынкөл ауылының атауы осы аймақтың географиялық ерекшелігіне байланысты аталған. Ауылдың қасындағы екі көлдің ортасы биік дөң, екі көл екі қоржын іспеттес, соған байланысты «Қоржынкөл» атауы пайда болған. Ауылдың қазіргі атауы Спасовка селосы. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бастапқы жылдарында Батыс Украинадан көшкен украиндықтар аштықтан, жалаңаштықтан құнарлы, жайлы жер тауып құтқарылдық (спаслись) деген ниетпен Спас – Спасовка деп атап кеткен көрінеді.

*Тауағаш* – ауыл. Есіл ауданындағы қазақ ауылдарының бірі. Бұл жерде мекен қылғандар: Балта - Керей, Самай – Керей және Нұралының ұрпақтары. Ауыл

шетіндегі биік дөңесте өте қалың бір ағаш өскен екен. Ауыл адамдарының айтуынша, жергілікті қазақтар үлкен дөңдерді тау деп атай берген. Түбі керемет жуан, тамырын тереңге жайған биік бәйтерек ағашқа байланысты ауыл «Тау ағаш» деп аталған. Қазір дөң басылып, ондағы ағаштар да жойылып кетіпті, орнында ауыл қоныстанған.

*Отынағаш* – ауыл. Аудан көлемінде осы тектес қарапайым топонимдер саны көптеп кездеседі. Бұл ағаш атауы ауыл адамдары осы жерден отынға ағаш алатын болған соң осылай аталып кеткен. Атау жергілікті тұрғындар тілінде бұрыннан кездесетін көрінеді.

*Бесқұдық* – ауыл. Ауыл төңірегінде бес бірдей құдық болған. Ол кезде құдық қазып, онымен пайдалану ол кезде өте сирек болғандықтан, ауылдың аты Бесқұдық аталып кеткен.

*Амангелді* – ауыл. Халық батыры Амангелді Имаовтың құрметіне қойылған. Осы жерде Ғ. Мүсірепов пен Б. Майлиннің «Амангелді» пьесасының негізінде қойылған «Амангелді» кинофильмі ең бірінші рет ағаштың бауырында, далада көрсетіледі. Күзге салым уақыт болса керек, елге бидай жинау үшін солдаттар келеді. Солдаттарға арнайы ең бірінші рет осы фильмді көрсеткенде, ауыл адамдары да бірге көреді. Елдің атауы осы кинофильмге байланысты аталған. Көрші Бірлік, Қаратал, Алабие ауылдарының адамдары да көрген көрінеді.

*Бірлік* – ауыл. Бұрындары Ульяновский бөлімшесі болған. 1996 жылы жеке бөлініп шығады. Ауыл бо-



лып 1926 жылы қалыптасады. Көрші жатқан ауылдарды біріктіріп, бір ауыл қылған екен. Бірлік атауының өзі осыған байланысты туындаса керек. 1941 жылы Есілдің суы көтеріліп, ауыл су астында қалады. Қазір ауылда 150 үй бар. Ауыл маңында тоғайлар, көл, жайлаулар бар. Олардың әрқайсысының өзіндік атаулары да жоқ емес.

*Орталық* – ауыл. 1928 жылы шағын ауылдардан (Шоңай, Уанас, Есенбай, Сансызбай, Арал, Алыбай) шағын «Мойынты-Серік» ауылы құрылды. Исатай Уалиахметтің басқаруымен және сол кісінің жоспарымен ауылға мектеп және 2 құдық қазылып салынды. 1930 жылы шағын ауылдарды бір жерге жинап, бір орталық етіп «Орталық» колхозы құрылған.

*Талапкер* – ауыл. Бұрын бұл ауыл «Аю ауылы» деп аталған. Елді басқарған Аю деген адамның есімінің құрметіне қойылыпты. Осы адамның ұрпағы Зілқара деген бай болған. Өзі өте сәнді киінетін, сөзге шешен, аңшылық құратын адам екен. Жылқы малын өте жақсы көрген. Күні-түні шаршамай сәйгүлік баптаумен айналысқан көрінеді.

Көзі ұйқыға кетердің алдында міндетті түрде жылқыларын бір қарап шығатын әдеті бар екен. Бір жылдары Николай патшаға 300 сәйгүлікті сыйға тартып, шенді шекпен киген кісі болған. 30-жылдары соның Әлібек деген баласы ел басқарыпты. Сол бала 1928 жылдары ел ұжымдық шаруашылыққа көшкен кезде төңірегіндегі *Иман*, *Тойтан*, *Дауқара*, *Қабанбай*, *Жаңалық* деген ауылдарды біріктіріп, «Жаңаша өмір

бастайық, халқымыздың өмірі жақсару үшін әркім өзіне талап қоя білсін, болашақ ұрпағымыз үшін де талап танып өнегелі ел болайық», - деген екен, содан ауыл аты «Талапкер» атанып кетіпті. Бұл ауылда жазушы Сәбит Мұқановтың Әншар деген жиені тұрған. Осы елге келіп жүріп, өзінің «Өмір мектебі» трилогиясын жазған. Бұл ауылда «Алуа» деген көл бар. Көлдің атының шығу тарихы мынадай: Бір байдың Алуа деген сұлу қызы кедей жігітпен көңіл қосады. Шын сүйіскен екі дос бірін-бірі көре алмаса тұра алмайды. Сөйтіп жүргенде, басқа бір елдегі бай, құлағы мүкіс, өзі ауру баласына құда түседі. Кедей жігітті елден қуғызып жібереді. Сүйгеніне қосыла алмай, жапа шекен Алуа қыз үйінен қашып шығып, көлге суға кетеді. Ертеңіне ауыл адамдары Алуаның үкілі бөркін көлдің жиегінен тауып алады. Содан бастап көл «Алуа» атанып кеткен. (Бұл туралы С. Мұқановтың «Өмір мектебі» романында бар).

*Жаңалық* – ауыл. Кешегі көшпелі қазақтың жұртында қоныс көтерген ауыл. Ағаш-ағаштың ығында уық көтеріп *Таңат, Шәкібай, Дәуіт, Шіңгір, Өгізбай, Еділ* ауылдары отырады екен. Байлардың кеудесін басып теңдік алған кедейлер жаңаша ұрандап жаңа тұрмыс құра бастайды. 1929 жылы шашылып отырған ауылдар бірігіпті. Кешегі кедейлер кеңсесінің керегесіне қызыл ту қадап қойып жаңа өмір құруға кіріседі. 1931 жылы қазіргі осы ауыл тұрған жерде колхоздың қазығы мықтап қағылған екен. Ол колхоздың шаруашылығы тақыр кедейдің ортаға салған 10 тұяғынан аспапты.

Ауыл адамдары жас шаңырақтың аты да тұрмысына лайық болсын деп «Жаңалық» қойыпты. Бұл колхозды ұйымдастыруда белсене атсалысқан Төлеген Темірбаев басқарма болып сайланды.

*Жаңажол* – ауыл. Есіл бойында орналасқан бұл ауыл ең алдымен, екі шағын ауылға бөлінген: Ойдағы ауыл және Қырдағы ауыл. Бұл атаулар жердің, мекеннің орналасу жеріне байланысты аталған. Есіл өзенінің суы жаға бойына көтеріліп, екі ауыл қосылып, «Қызылту» аталған. Бұл 1928 жылы болған. 1936 жылы ауылға «Жаңажол» деген ат берілген, яғни ауыл көркейіп, дамып, көтеріле бастаған, жаңа жолға түсті деген мағынада жұмсалған.

## ОРОНИМДЕР

Ороним – гр. *oros* «тау» + *onoma* «есім» - топоним түрлерінің бірі. «Жер бедерінің төмен және көтеріңкі келетін оң және теріс пішіндерін айқындайтын термин. Ороним термині құрғақ жердің барлығын қамтып айтылғанмен, негізінен, жер бетінен көтеріңкі орналасқан нысандарды атауға арналады.

*Шұбар* – жер атауы. Аққайыңды, теректі, талды шоқтар шұбарлана орналасқан алқап «Шұбар» атанған.

*Бордақы* – жер атауы. Бұл Бордақы - ата ұрпақтарының мекені болған екен.

*Үскі* – төбе. 1983 жылдары жолға төсеуге ұсақ тас керек деген сылтаумен сол төбені бульдозермен

қазғылап қопарған кезде бір кісінің сүйегі шығып қалады. Ауылымызда жалғыз бір орыс болатын, бульдозердің жүргізушісі, өзі де ірі жігіт еді, сол жігіт табылған сүйектің орган жілігін өзінің денесіне қойып өлшесе 10 см-дей ұзын болып шығады. Қарттардың жобалауы бойынша, бұл жерде жерленген адам естектердің адамы болуы тиіс. Сондықтан да ауыл тұрғындары осы төбені Ескі деп атап кетіпті. Кейін Үскі деп атап кеткен екен. (Бұлақ ауылының тұмасы, осы төңіректегі жер-су атауларын тереңірек зерттеген Жақсылық Ысқақов ақсақалдың айтуы бойынша).

*Шатай* – жер атауы. Ағаштардың қалың өскен жерінің атауы.

*Қоқан* – жер атауы. Баяғыда қоқан руы қоныстанған жер.

*Картоп* – ертеде осы алқапта маңына ауыл картоп егіпті, содан сол жерге картоп көп шықандықтан, осылай аталып кеткен.

*Адыр* – төбешік. Үлкен Тораңғұл көлінен оңтүстік-батысқа, Светлое селосынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан.

*Карьер* – алқап. Кеңестік дәуірде орыс тілінен енген өндірістік термин. Карьер – қаз. «ашық кеніш» (жердің үстінгі қабатындағы кендерді, тастарды қазып алатын орын).

*Сарытау* – төбешік, Сілетітеңіз көлінен батысқа, Аққұдық ауылынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан.

*Табақбұлақ* – төбешік, Сілетітеңіз көлінен батысқа, Жамантұз көлінен солтүстікке қарай орналасқан.

*Талдыағаш* – төбешік, Сілетітеңіз көлінен солтүстік-батысқа, Теке көлінен оңтүстікке қарай орналасқан.

*Тасқұдық* – төбешік, Сілетітеңіз көлінен батысқа, Аққұдық ауылынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан.

*Шілік* – жер атауы, аласа шіліктер көп өскендіктен аталған.

## МИКРОТОПОНИМДЕР

Микротопонимдер – кіші географиялық нысандардың атауларын: қыстаулар, қыстақтар, құдықтар, бұлақтар, т.с.с. көбіне белгілі бір аймақ тұрғындарға белгілі, өзара пайдаланатын атауларды зерттейтін сала. Ел ішінде осындай қоныс атаулары әлі де пайдаланылып жүр.

*Маруся* – құдық. Николаевка ауылы маңындағы құдықтардың бірі. Осы жерде Маруся атты жалғыз орыс кемпірі тұрыпты. Кейіннен құдық та сол кемпірдің атымен аталып кеткен.

*Сүбе* – құдық. Қазақша – *сүмбі* > *сүмбе*; моңғолдың сүмбэ «мылтықтың ұңғысын тазалайтын, әрі майлайтын, ұзын, жіңішке, жұмыр темір немесе тобылғы таяқша».

*Айғай* – қоныс. Айқай (айғай) сөзінің тура мағынасы әдеттегіден қатты шыққан дауыс, үн. Айғай – оро-

ним ретінде тақыр, тасты тауларға берілетін атаулар. Мұндай тауларда дауыс жаңғырығы болады. Атауға себеп болған осы – тастарға соғылып, жаңғырық беретін, айғайды қайталайтын ерекшелігі деп білеміз.

*Бұршақ* – қоныс. Үлкен Торанғұл көліне оңтүстікке, Светлое селосынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан.

*Ешкей* – қоныс. Баяғыда ешкей руы қоныстанған жер.

*Жәпек* – қоныс. Горный ауылынан жеті шақырымдай жерде орналасқан қоныс. Кезінде атақты Абылай ханның батыры, әрі сенімді серігі Жәпек батырдың қонысы болған деседі. Сол себепті осылай аталып кеткен.

*Бердібай* – қоныс. Кезінде Амангелді ауылында Бердібай деген кісі болған. Ол кісі осы қонысты иемденіп ешкімге бермей, өзі күніне бір ағаштан үйіне кесіп әкеліп отырған. Сондықтан ол жерді Бердібай қонысы деп атап кеткен деген пайымдау бар.

*Дербес* – қоныс. Қарағай ауылының баурайында орналасқан қоныс. Ел аузындағы аңыз бойынша қоныс атауы Дербес батырдың атымен аталған екен.

*Аяқ* – қоныс. Аяқ, ең алдымен, «адамның, жан-жануардың жүру, тұру қызметін атқаратын дене мүшесі» [ҚТТС, 1т., 545 б.]. Адамзат тілі шыға салысымен дене мүшелеріне ат қойған деген пікірге сүйенсек, аяқ сөзінің басқа мағыналарының барлығы ауыспалы дегуге болады. Топонимикада синекдохалық атаулар әлі қарастырылмаған, бірақ бар құбылыс. Мұнда, көбіне-

се, ойконимдердің жасалуына сол елді мекен ішіндегі бір мекеме, көпшілік орын т.б. себепші болады. Мысалы, Есіл ауданындағы Мектеп ауылы, сол елді мекен ішіндегі мектеп атынан, яғни бөлшектің бүтін орнына жүруі арқылы жасалған.

*Теке* – шок. Ақтас ауылының оңтүстік – батыс бетін қоршай орналасқа аққайындар шоғының атауы. Шоқтың атауы туралы әртүрлі аңызда айтылды. Солардың бірі, ауыл тұрғындары осы шоқтың ішінде жын-перілер мекен етеді деп есептеген. Себебі кеш батысымен осы аймақтан әртүрлі дыбыстар, қыздардың күлген дауыстары естілген. Сол себепті ауыл тұрғындары осы төңірекке жоламаған. Күндердің бір күні бір жігіттің текесі осы ағаштың баурайында оттап жүріп жоғалып кетеді. Жігіт іздемек болып сол шокқа барады. Адамдардың айтуы бойынша бұл шокқа кірген адам қайтып шыға алмаған. Сол күнен бастап түн батысымен әлгі жігіт шок жаққа бет ала бастайды. Бір апта өтісімен жігіт те жоқ болып кетеді. Осы жағдайға байланысты ауыл тұрғындары жігіттің басын бір пері айналдырып алған деп болжаған. Атам қазақ жын, перінің атын атау жаман ырым деп есептеген ғой, соған байланысты бұл шоқты Теке деп атап кеткен екен деген жорамал бар. (Ақтас ауылының тумасы Бердібек Саттарұлының айтуы бойынша).

*Қордан* – қоныс. Алуа көлінен батысқа, Владимировка селосынан оңтүстік-батысқа қарай орналасқан.

*Кеңқуыс* – қоныс. Меңгесер көлінен оңтүстікке,

Спасовка селосынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан.

*Кеңшалғын* – қоныс. Меңгесер көлінен оңтүстік-батысқа, Қызылағаш ауылынан шығысқа қарай орналасқан.

*Қаратомар* – қоныс. Меңгесер көлінен оңтүстік-шығысқа, Алуа көлінен батысқа қарай орналасқан.

*Қосқонған* – қоныс. Алуа көлінен оңтүстік-шығысқа, Андреевка селосынан шығысқа қарай орналасқан.

*Нағұрбек* – қоныс. Балықты көлінен шығысқа, Қарасор көлінен солтүстік-батысқа қарай.

*Махамбетов Батпағы* – қоныс. Ильинка селосынан шығысқа қарай, Александровка селосынан оңтүстікке қарай.

*Лага* – қоныс. Алуа көлінен оңтүстік-батысқа, Петровка селосынан солтүстік-батысқа қарай.





*Қымызды* – қоныс. Алуа көлінен солтүстік-батысқа, Владимировка селосынан оңтүстік-батысқа қарай.

*Қызыл* – қоныс. Меңгесер көлінен оңтүстікке, Николаевка селосынан солтүстік-шығысқа қарай.

*Большой* – қоныс. Балықты көлінен солтүстік-батысқа, Чириковка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай.

## ГИДРОНИМДЕР

«Гидронимдер (гр. *Hydor* – су + *онома*, *онома* – атау, есім) – топонимнің бір түрі, кез келген су объектін білдіретін жалқы есім». (Тіл білімі сөздігі. Алматы: Ғылым, 1998ж.) Әр тілде қолданылатын гидронимдер өзіне тән гидрографиялық терминдер арқылы жасалады және ол терминдер су нысандарының түрлерін көрсетіп тұрады.

Топонимикада гидронимдер көне атаулар деп есептеледі, сондықтан кумулятивтік қоры, аша білген кісіге, мол ақпарат беруі мүмкін.

*Тораңғұл* – көл. Есіл ауданындағы үлкен көлдердің бірі. Явленканың оң жағында орналасқан. Тораңғұлдың өзін жергілікті халық Үлкен Тораңғұл, Кіші Тораңғұл деп екіге бөледі. Ресми құжаттарда «Таракөл» деп аталған. Осы көлдің аталуының өзі бірнеше нұсқадан тұрады, енді солардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өтелік.

1. Жергілікті халықтың біраз бөлігі Тораңғұл деп атап кеткен. Мұның өзі көл жағасында құстардың та-

ранып отыруынан шықса керек. Егер морфологиялық жағынан қарастырар болсақ, топонимнің морфологиялық негізі – «тара+н» етістігі мен «көл» сөзінің бірігуінен жасалған деп пайымдауымызға негіз бар.

2. Кейбіреулер көл атауын «торы» деген түске байланысты шыққан дейді. Бұл көлді алыстан қарасаң, шын мәнінде торы түске енеді.

3. Тораңғұлдың түпкі мағынасы «терең көл» деген екі сөздің бірігуінен шыққан деген де нұсқа бар.

4. Кей нұсқасында тораңғұлдың шығу тарихы былайша сипатталады. Бұрын Тораңғұл көлі болмай тұрғанда, осы жерде Тораңғұл деген шөп өскен екен. Кейін мұнда құдық қазбақшы болып, жерді қаза бастағанда жердің астынан су қатты екпінмен шығып, құдық қазушылардың өзі әзер қашып құтылыпты.

Аталмыш нұсқалардың бәрі де ел арасында кеңінен таралғаны байқалады.

*Алуа* – көл атауы. Ертеде бір батырға ғашық болған Алуа дейтін қыз, теңіне қосыла алмағандықтан осы көлге суға кеткен екен.

*Көбеш* (Құбыш) – көл. Есіл өзенінің орта ағысының сол жағалауында, Николаевка селосының оңтүстігінде, сайда орналасқан. Жергілікті тұрғындар мынадай аңыз айтады: «Көп жылдар бұрын осы сайда жыршы, жыраулар, серілер жиналып бас қосып үлкен той-думан болыпты. Ат жарыстырып, балуандар сынға түсіп, ақындар айтысып ұлан асыр той болыпты. Осы тойда Көбеш деген бытыр сынға түсіп, суға салсаң батпайтын, отқа салсаң жанбайтын баты-

рлығымен қоса, сегіз қырлы бір сырлы екенін көрсетіп, ел-жұртты тамсандырыпты. Бір жыршы сол тұста Көбешті келеке етпекші болып: «Күш-жігері осыншалық болса, жерді бір тепкеннен су шығаратын шығарсың деп мазақ қылыпты». Бірақ, Көбеш тосырқамай, не де болса сол болар деп жерді бір соққанда, сол арада су бұрқырап шығыпты. Таңырқаған жұрт, батырдың күшін мойындап, бас иіп осы сайды Көбеш батырдың атымен атап кетіпті».

*Конопяное* – көл. Есіл өзенінің оң жағалауында, Бірлік ауылынан оңтүстікке қарай орналасқан.

*Ключ* – өзен. Бастауы Ильинка селосынан шығысқа қарай орналасқан, Есіл өзенінің оң саласы, Ертіс өзенінің сол саласы.

*Кожанкино* – көл. Алуа көлінен оңтүстікке, Явленка селосынан батысқа қарай орналасқан.

*Қарамойыл* – көл. Петровка селосынан оңтүстікке, Александровка селосынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан.

*Қарамұз* – көл. Есіл өзенінің оң жағалауында, Жаңаталап ауылынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан.

*Қаратау* – көл. Есіл өзенінің орта ағысының оң жағасында, Алуа көлінен шығысқа қарай орналасқан.

*Круглый* – көл. Спасовка селосынан алыс емес жерде, терең шұңқырда орналасқан, балығы көп, геометриялық жағынан дөңгелек әдемі болғандықтан «Круглый» деп атап кеткен.

## ЕСІЛ АУДАНЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫНДАҒЫ АМАЛ-ТӘСІЛДЕР МЕН ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Сөзжасам теориясы туралы барлық еңбектерде аналитика-семантикалық тәсілмен жасалатын туынды сөздерге бірауыздан біріккен, кіріккен, қосарланған, қайталанған, тіркесті сөздерді жатқызады. Айтылып өткен аналитика-семантикалық тәсілдің қағидасы топонимжасамға толығымен сәйкес келеді. Оған басты себеп – топонимнің сөз категориясына жақындығы. Тіліміздегі туынды сөздер тәрізді топонимдер де бірігу тәсілі арқылы күрделі атауларға айнала алады. Күрделі топонимдер, сөз жоқ, дамудың кейінгі сатысының жемісі және олар түбір топонимдер арқылы жасалады [13, 117 б.].

Топонимтанушы - ғалымдардың барлығы дерлік түркі топонимиясында біріккен атаулардың мол кездесетінін ескеріп, негізгі топонимжасам типіне жатқызады. Мәселен, О.Т. Молчанова Таулы Алтай өлкесінің топокеңестігін саралай келіп, «көп жағдайда түркі географиялық атаулары екі негізді болып келеді», - дейді [14, 102 б.]. Сол сияқты біз ұсынып отырған Есіл ауданы топонимдерінің басым дерлігі сөзжасамның осы тәсілі арқылы жасалғанына көз жеткізіп отырмыз.

Қазақ топонимдерінің құрылымдық-семантикалық табиғатын зерттеген В.Н.Попов мынадай үлгілерді ұсынған еді: зат есім + зат есім (Тұзкөл, Мойынөзек); сын есім+зат есім (Шолаққарасу, Жамантау); сан есім

1 зат есім (Бескепе, Екібастұз); етістік + зат есім, зат есім + етістік + зат есім (Қайнарбұлақ, Нарөлгенсай).

Сын есім + зат есім үлгісі бойынша сөздердің бірігуі сөзжасамның өзінде ең өнімді тәсіл болып саналса, топонимжасамда да мұндай лексикалық бірліктердің үлес салмағы басым. Мұнда екі немесе одан да көп түбірлердің бірігуі арқылы мағынасы да, тұлғасы да біртұтас туынды атау пайда болады және оның мағынасы құрамындағы компоненттерінің мағынасы арқылы уәжделеді. Сын есім + зат есім үлгісімен жасалған топонимдердің бірінші сыңары топонимжасамда ерекше маңызды міндет атқаратынын атап өту керек. Оның себебі екінші компонент географиялық термин, зат есім, заттанған басқа сөз таптары болып келеді де, географиялық нысанда жай ғана атайды, ал бірінші сыңары ол нысанның ерекше белгісін белгілеп, ол нысанда басқалардан ажыратады, өзіндік тип құрайды [13, 119 б.].

Топонимжасамда сын есімнің жиі кездесетіні екі түрлі жағдайға байланысты: біріншісі, сын есімдер жеке тұрғанда дербес толық мағына бере алмайтындықтан, міндетті түрде келесі бір сөзге тіркесуге бейім тұрады (көбінесе, зат есімге тіркеседі); екіншісі, географиялық нысандарды бір-бірінен ажыратуда олардың түр-түсі ерекше белгі ретінде жиі тандап алынады.

Көрнекті ғалым Э.М. Мурзаев түркі топонимдеріне тән құрылымдық типтерді былайша топтастырады:

«Бірінші тип: аппелятивке тең қосымшасыз топонимдер;

Екінші тип: аппелятивке тең қосымшалы топонимдер;

Үшінші тип: екісөзді қосымшасыз топонимдер;

1-модель: сын есім + зат есім;

2-модель: зат есім + зат есім;

3-модель: сан есім + зет есім;

4-модель: сын есім + сын есім;

Төртінші тип: екісөзді қосымшалы топонимдер;

Бесінші тип: көпсөзді қосымшасыз топонимдер;

Алтыншы тип: көпсөзді қосымшалы топонимдер;

Жетінші тип: етістікті топонимдер [15, 82 б.].

О.Т. Молчанованың жіктеуі де осыған ұқсас: ол «қосымшасыз» және «қосымшалы» деп екі үлкен топқа бөліп қарайды [16, 104-150 бб.].

### **Түр-түс мәнді сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер**

Түр-түсті білдіретін сын есімдер (негізінен саналық сын есімдер) жер-су аттарын жасауға белсене қатысады. Түр-түске байланысты туындаған топонимдер туралы аз жазылған жоқ. Олардың көпмағыналылығы да жан-жақты талданған. Мәселен, тілші-ғалым К.К. Юдахин өз сөздігінде қырғыз тіліндегі *қара* сөзінің он алты түрлі, *қызыл* сөзінің жеті түрлі мағынасын келтіреді. Алайда негізгі, ең бірінші мағынасы – түр-түсті білдіруі де, қалғандары соның негізінен тарайтын ауыспалы мағыналар болып табылады. Өйткені адамзат дүниені тани бастағаннан-ақ

түр-түсті ажырата білген (психолог мамандардың айтуынша ең алдымен ақ пен қара түсті ажыратқан).

Топонимжасамда сын есімнің жиі кездесетіні екі түрлі жағдайға байланысты: біріншісі, сын есімдер жеке тұрғанда дербес толық мағына бере алмайтындықтан, міндетті түрде келесі бір сөзге тіркесуге бейім тұрады (көбінесе, зат есімге тіркеседі); екіншісі, географиялық нысандарды бір-бірінен ажыратуда олардың түр-түсі ерекше белгі ретінде жиі тандап алынады.

Ақ қара сөзінің антонимі болғандықтан, олардың мағынасы бір өлшемде грамматикалық, семантикалық сипатқа ие. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» ақ сөзіне қардың, бордың түсіндей деп анықтама береді. Бұл – оның негізгі мағынасы. Топонимжасамда да осы, негізгі мағынасы молынан қатысып отырады. Мысалы:

Ақ+құдық. Аққұдық – құдық атауы. Суының шипалылығы, қасиеттілігіне байланысты осылай аталып кеткен. Бұлақ ауылында Аққұдық деген көше де бар.

Ақ + бақай. Жайлау атауы болған.

Ақ + тас. Ауыл тұрғыны Бердібек Саттарұлының айтуы бойынша, Ақтас ауылы 1929 жылы колхоз болып құрылған. Бүгінгі күнде Есіл ауданы, Бұлақ селолық округінде қарайды. Колхоз болып біріккен кезде, ауыл маңында табиғи, үлкен-үлкен қойтастар болған, сол себепті ауыл адамдары бірігіп, ауылға Ақтас деген атау берген екен.

**Ақ+төбе.** Төбешік атауы. Ақтөбе – алыстан қарағанда, осы төбенің басы ағарып, көрініп жатады екен. Соған байланысты қойылған төбе атауы.

**Ақ+қошқар.** Көл атауы. Алуа көлінен солтүстік-шығысқа, Новоалександровка селосының оңтүстік-батысқа қарай орналасқан. Былай қарағанда көлдің пішіні қошқардың мүйізіне ұқсаса, ауыл тұрғындарының айтуы бойынша, ауылда денесі ірі, жүні ақ, көз сүйсініп қарайтын қошқар болған. Қойлардың отары жайлауға жайылғанда, отардың көшін бастап алдында жүретін болған. Күндердің күні белгісіз себептерден аққошқар отарымен оралмаған. Ауыл тұрғындары іздеп шыққанда, осы көлдің жиегінде өлігін тапқан екен. Сол уақыттан бастап қошқарға деген сүйіспеншіліктен ауыл тұрғындары осы көлді Аққошқар көлі деп атап кеткен екен.

**Ақ+ми.** Көл атауы. Милы, батпақты шағын көл болғандықтан осындай атау берілген.

**Ақ+бала.** Ағаш атауы. Балапан ағаштар өсіп, аққайыңды орман болғасын ақ бала деп атаған.

**Ақ+сиыр.** Ағаш атауы. Баяғыда біреудің сиыры сол ағаштың маңында бұзаулап, ақ бұзау туған екен.

**Ала+бие.** Ауыл атауы. Бір байдың жоғалған ала биесінің табылған жерін «Ала бие» деп атап кетіпті.

**Ақ + оба.** Бейіт атауы.

**Қара** сапалық сын есімі адамзат баласының алғаш айырған түсінің бірі болған себепті, қолдану аясы да кең, мағыналық түрлері де көп. Қара сын есімі жерсу аттарын жасауда ерекше орын алады. Көбінесе,



географиялық нысанның қара түсін білдіру арқылы бірінші сыңарда анықтауыштық мәнде келіп, біріккен атаулар жасайды. Қара сын есімі конверсия бойынша субстантивтеніп екінші (басыңқы) сыңары да қолданыс табады [13, 136 б.]. Мұнда, негізінен, «тау, төбе, тоғай» мағыналырын білдіреді. Мысалы:

*Қара+су.* Көлдің атауы. Ильинка селолық округі маңындағы көл, ол кезінде терең болған.

Тереңдігі сондай осы көлге кезінде үш келіншек батып кеткен. Үшеуін сол жердегі дөңге жерлеп, сол жерді үш келіншек деп атап кеткен. Көлдің жанында Амангелді ауылының зираты бар. Ерте кезде қазақтар көшіп келе жатып, аттарын демалдырып, осы көлдің жанында түнеп тыныққан.

*Қара + шоқ.* Ағаш атауы.

*Қара+томар.* Томар атауы. Біз қарастырып отырған аймақта томарлар өте көп кездеседі. Алайда, олардың көпшілік бөлігін халық жай ғана «томар» деп атап кеткен. Ал мына топонимнің бір ерекшелігі – алдында айқындап тұратын сапалық сын есімнің болуы. Бұл топонимнің тууы жайлы қарапайым деректер жоқ емес.

1. Томар басқаларға қарағанда өзгешеленіп, қара күрең тартып тұратын болған соң осылай бір ғана томарды атаса керек.

2. Екінші мағынасында «қара» сын есімін түске байланысты емес, сапасына, санына қарай қарастыруға тура келеді. «Қара құрым» дегендегі сияқты бұл жердегі «қара» сөзі «көп», «қаптаған» деген мағына-

ны береді. Яғни, бұл атау осы маңда, төңіректе томарлардың аяқ басқан сайын кездесуінен туындаса керек.

*Қара+тоғай.* Тоғай атауы. Алыстан қарайып көрінетін сипатынан осылай аталған.

*Қара+шілік.* Ағаш атауы. Әуелде шілік өскен кейін үлкен орманға айналған.

*Қара+сора.* Көл атауы. Қамысты, қопалы көл. «Қарасора» атануы көлдің маңайы ащылы сор болып келеді.

*Қара+оба.* Оба ауруынан қайтқандарды көмген жер.

*Қара+мұз.* Көл атауы. Есіл өзенінің оң жағалауында, Жаңаталап ауылынан солтүстік-шығысқа қарай.

*Қара+бұлақ.* Қарабұлақ Бұлақ ауылынан 7 км жерде орналасқан дала қосы болған. Ертеде адамдар жайлауға шығып, егін егіп бар уақытын тынымсыз еңбекке арнаған. Сондай уақыттарда жаздың шалғынды кешінде ауылға оралмай сол қоста ауыл тұрғындары қалып демалып, әңгіме-дүкен құрып, самауырын қайнатып тыныққан. Қарабұлақ деп аталуы алыстан қарағанда қосы қарауытып, мұнартып көрінеді екен. Бұлақ сөзінің тіркесуі ауыл атына және сол жердегі бұлақтың ағып жатуына байланысты. (Ақбұзауов Абдрахмед ақсақалдың айтуынша).

Ұзын сын есімі «қысқа емес, шұбатылған; аласа емес, биік» мағыналарын береді [ҚТТС, 2т., 460 б.]. Жер-су атын жасауға осы мәндерде араласып, табиғи нысанның ұзындығын не биіктігін білдірген. Мысалы:

*Ұзын+су.* Көл атауы.

*Ұзын+көл.* Көл атауы.

*Ұзын + томар.* Көлшік атауы.

*Ұзын+ағаш.* Есіл ауданы, Бірлік ауылының маңында өсетін орманның шеткі (ауыл жақ беттегі) бір бөлігі. Бұл бөліктің өзі ұзыннан-ұзын созылып жатқан қайыңдар шоғырынан тұрады. Ауылдың батыс жақ бетінен шығысқа қарай тізіле өскен осынау ағаштар ауыл қорғаны іспеттес. Яғни, ағаш атауы оның алып жатқан көлеміне, ондағы ерекшелігіне байланысты қойылса керек. Табиғи ортаға байланысты туған сипаттамалы, суреттемелі топонимдер қатарына жатады.

*Кіші* сын есімі кішкентай, шағын, азғантай көлемдік мағыналарда қолданылады [ҚТТС, 5т., 446 б.]. Жер-су атын жасауға осы мәндерде қатысып, табиғи нысанның салыстырмалы түрде алғандағы шағын көлемде екенін атап көрсетеді. Мысалы:

*Кіші+қамыс.* Көл атауы.

*Кіші + тас.* Төбешік атауы.

*Күрең* сапалық сын есімі қызыл қоңыр, қошқылтым түс [ҚТТС, 1т., 357 б.] мағынасымен, көбінесе, жылқы түсіне байланысты қолданылады. Жер-су атын жасауға қызыл мен қоңырдың арасындағы түсі бар географиялық нысанды, кейде ауыспалы мағынада қуан, тұнжыр табиғатты атап көрсетеді. Мысалы:

*Күрең+төбе.* Төбешіктің бас жағы үнемі алыстан қарағанда күрең тартып ерекше болып көрініп тұрғандықтан күрең төбе атанып кеткен.

*Орта+көл* – көл суы кемерінен аспай, көбіне орта түсіп жататындықтан осындай атауға ие болған.

*Кішкене+көл* – көлшік. Заречнай селосының маңында орналасқан. Аумағы шағын болғандықтан осылай аталған.

*Көк+қой*. Бұл шағын келген (көлемі жағынан) жазық дала. Осы жерде ертеректе мал өлген көрінеді (ел арасында осындай сөз бар).

*Жалғыз+ағаш*. Бұл атау белгілі өлкенің бір аймағында өсіп тұрған жалғыз ағашқы байланысты қойылған.

*Бай+ауыл* – қоныс. Бұлақ ауылынан оңтүстік-батысқа, Светлое селосынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Ертеде осы жерді Бердібай деген бай малдарын осы тұсқа жайып, өзі де осы жерге қоныстанған. Сол себепті Байауыл атанып кеткен.

*Сықпа+көл*. Есіл ауданы, Бұлақ ауылының маңында орналасқан кішігірім көл. Бұл көлдің аталу себебі жайында ел арасында тараған аңыз бар. Сықпа көл деп аталуы – бұл көлдің суы кір жуған әйелдің сығып, жайып қойған кірінен тамшылаған судан жиналса керек.

*Бояу+ағаш*. *Бояуағаш* – қызыл қарағайдың бір аты болуы мүмкін, себебі қарағайдың қабығы да бояу орнына жүреді.

Қазақ топонимиясындағы иман сөзімен келетін атаулардың бәрін кісі есімімен шығаратын үрдіс бар. Сонда әр облыста Иман атты кісіге жер-су аттары таңылып отырған ба? Кездейсоқтың да өзіндік алғышарттары болады, ендеше мұндағы иман сөзі антропоним емес. Ол діни мағына беретін иман сөзі де емес.

Біздің ойымызша, көне түркі *йаман* «жаман» сөзі, не моңғ. *Иман* «қызылшілік өсімдігі» немесе моңғол тілінде – *ямаа* «ешкі, ешкілі» сөздерінің бірінен шығатындай. Мысалы:

*Иман+бұрлық.* Көлшік атауы.

*Иман + жылдық.* Иманжылдық өсімдігі Бұлақ ауылының тұрғындарының арасында кең тараған. Ашық алқапта, күнге құмар, гүлтектес өсімдік. Жыл сайын жайқалып өсетіндіктен, ауыл тұрғындары Иманжылдық деп атап кеткен.

*Жалғыз + тау.* Бұл жерді Жамансовка деп те атайды. Жалғыз таудың бұрынғы атауы – Қыран тау. Бір кездері басында қырандар көп мекендепті деседі. Кейіннен Солтүстік Қазақстан өлкесінде жалғыз тау осы болған соң осылай аталып кеткен.

Бұл тауға қатысты мынадай да дерек бар. Жалғыз таудың ар жақ бетінде Үкілі Ыбырайдың әкесі Сәндібай қоныстанған. 1905-1906 жылдары бұл жерге орыстар көшіп келе бастайды. Өздері көшіп келген жерді Заградовка деп атап кеткен. Осылайша, тыныш жатқан қазақ жерінен маза кетеді. Сол Сандыбай ауылында Асайын, Үсейін деген батырлар өмір сүріпті. Күндердің бір күнінде олардың бұқалары орыстардың егініне түсіп кетіп, айрылып қала жаздайды, дегенмен, өздеріне қайтарып алады. Тағы бір күні орыстар үй салуға қарағай дайындап жатып, Үсейінді шауып өлтіреді. Осындай оқиғалардан кейін жергілікті қазақтардың көрген күндері күн болмайды. Содан Сандыбай басқа жаққа көшіп кетеді. Сол жерден ұзап

бара жатып, Үкілі Ыбырай «Жалғыз тау» деген дастан шығарады. (Әбдірахмет Ақбұзауұлы ақсақалдың айтуынша).

Ұлы Отан соғысының ардагері, батыр атамыз Жәлел Қизатов «Еліме» деген өлеңінде:

*Жалғызтау* мұңдалаған қиялары,  
Қырандар тау жаңғырытып ұялады.  
Тебіреніп толғанамын, ойланамын,  
Туған жер, өскен өлке сағындырады.  
Қарағай, Бұлақ, Ақтас – ауылдарым,  
Құлтабар, Төлек, Шуаш – бауырларым  
Қарауыл Жақсылықтың балалары  
Ата бабам, аруағына сиынамын, –

деп толғанады. Көрнекті ақын Ахметжан Нұртазин да *Жалғызтау*ты жырлаған:

*Жалғызтау* – жан саясы, жер ағасы,  
Сұлудай сырға таққан сай-саласы.  
Бұл жерде сауық-сайран салып өткен  
Ертеде жақсылардың бір парасы.

Орыстар бұл тауды Жамансопка деп атап кеткен. Себебі осы таудың төңірегіндегілер осы маңнан өтіп бара жатқан келімсек керуендеріне, басқа да жат жұрттықтарға шабуыл жасап, тыныштық бермеген көрінеді. Жамансопка атауы содан қалса керек. Осы тау туралы Сәбит Мұқанов та өзінің «Аққан жұлдыз» кітабында қазақы жатық тілімен өте ұғынықты етіп суреттеп берген. Кезінде онда арқар-киік аралас аң-құстың сан түрі мекен еткен екен. [17, 74 б.].



### **Зат есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер**

Сын есім + зат есім үлгісімен жасалатын біріккен топонимдер сияқты, зат есім + зат есім үлгісімен пайда болатын біріккен атаулар да топожүйемізде біршама мол кездеседі. Көлемі жағынан зат есім + зат есім үлгісі қомақты болып келеді және қолдануға өте ыңғайлы номинативтік ауқымы кең, әдемі топонимдер тудырды.

Топонимжасамдағы зат есім + зат есім үлгісімен жасалатын біріккен топонимдер сөзжасамдағы біріккен зат есімдердің жасалу жолымен бірдей. Мұнда да толық мағыналы екі сөз қатысып, жаңа лексикалық мағыналы сөз туады; дара сөздерге ұқсас даяр күйінде қолданылып, одан әрі түрлене алады [13, 201 б.].

*Арал* зат есімі «жан-жағы сумен қоршалған кішкентай құрлық» [ҚТТС, 1т., 307 б.]. Алайда, айдаладағы бір шоқ орман, орман ішіндегі шағын жазық т.б. нысандар да арал атануы мүмкін. Мысалы:

*Арал+ағаш.* Орман атауы.

*Арал + көл.* Көл атауы.

*Құм* зат есімі «түрлі минералдар мен тау жыныстарының үгіндісінен тұратын өте майда түйіршікті шөгінді жыныс» [ҚТТС, 2т., 467 б.] мағынасын береді де, географиялық термин категориясына өтеді. Құм – жердің ерекше белгілерінің біріне жатады, сондықтан «құмы бар, мол жер» мәнінде топонимжасамға белсенді түрде араласады.

*Құм+тал* – Қоныс атауы. Алуа көлінен оңтүстік-шығысқа, Александровка селосынан солтүстік-батысқа қарай орналасқан. Құмды жерде бір тал өсіп шыққандықтан құмтал деп атап кеткен.

*Тау* зат есімі «айналасындағы жерден едәуір көтеріңкі, биік жер» мағынасымен топоним жасауға қатысып, географиялық терминге айналады [ҚТТС, 2т., 54 б.].

*Томар* сөзінің екі мағынасы бар: бірі – «кесілген ағаштың қалған түбірі»; екіншісі – шалшықты, қопалы жерде болатын жертомар» топонимжасамға қатысуы мүмкін. Есіл ауданында екінші түрі арқылы жасалған топонимикалық атау кездеседі. Мысалы:

*Томар+қара+су.* Біз қарастырып отырған аймақта томарлар өте көп кездеседі. Алайда, олардың көпшілік бөлігін халық жай ғана «томар» деп атап кеткен. Ал



мына топонимнің бір ерекшелігі – соңында айқындап тұратын сапалық сын есімнің болуы. Бұл топонимнің тууы жайлы қарапайым деректер жоқ емес. «Қара» сын есімін түске байланысты емес, сапасына, санына қарай қарастыруға тура келеді. «Қара құрым» дегендегі сияқты бұл жердегі «қара» сөзі «көп», «қаптаған» деген мағынаны береді. Яғни, бұл атау осы маңда, төңіректе томарлардың аяқ басқан сайын кездесуінен туындаса керек.

*Әулие + ата.* Төбешік атауы.

Бұлақ ауылынан 10 шақырымдай жерде, Жалғызтаудың оңтүстігінде орналасқан. Әулие ата аталу себебі, бұл шоқының үстінде Абылай ханның сенімді серігі болған батыр, көзі тірісінде әулие атанған атақты Құлсары бабамыз жатыр. Бүгінгі күнде басына ұрпақтары тас орнатқан. Ауырған адамдарды осы жерге апарып түнетеді. Содан жазылып кетеді екен деген ел арасында сенім қалыптасқан. Ауыл тұрғындарының айтуынша, ауырған малды сол мәйіттің маңына үш рет айналдырып өткізсе, мал да сауығып кететін көрінеді. Құлсары бейітінің қасында басқа да төбешіктер бар. Бірақ онда кім жатқаны белгісіз. Оны халық «белгісіз дөң» деп атайды [11, 309 б.].

*Бас + терек.* Жайлау атауы.

*Батпақ + көл.* Көл атауы. Алуа көлінен оңтүстік-батысқа, Үлкен Торанғұл көлінен солтүстік-батысқа қарай.

*Бек + ауыл.* Қоныс атауы. Менгесер көлінен оңтүстік-батысқа, Николаевка селосынан солтүстікке қарай.

*Нар + бота.* Ағаш атауы. Заречный селосы. Сол ағаштың маңында түйе боталаған екен.

### **Сан есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер**

Біріккен топонимдердің келесі бір тобы сан есім + зат есім үлгісі бойынша жасалады. Алдыңғы сыңары сан есім, лексика-семантикалық жағынан сандық ұғымды білдіретін сөздер де, соңғы сыңары негізінен, географиялық терминдер, басқа да зат есімдер болып келетін күрделі топонимдер ауқымы жағынан *сын есім + зат есім, зат есім + зат есім* үлгілерінен кейінгі орынды иемденеді. «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер – заттың немесе заттық ұғымдар мен құбылыстардың санын, мөлшерін, бөлшегін, ретін білдіретін сөз табы болғандықтан, жаратылысынан зат есімге жататын жалқы есімдермен бірігуі, тіркесуі заңды тілдік құбылыс болып есептеледі. Адамзат біртекті табиғи нысанның бірнеше түрін байқаған соң, олардың сандық, сапалық ерекшеліктерін елемей, бірден сан-мөлшерін атауға уәж етіп алған.

Біріккен сөздер, кәдімгі сөз сияқты, әрі лексикалық, әрі грамматикалық мағынаға ие болады дегенімізбен, сөзжасамда лексика-семантикалық мағына алға шығады. Нақтылап айтқанда: «Сөзжасамдық процесс барысында атаудың морфологиялық сипаты, қай сөз табына қатысты болатыны басты мәселе емес. Сөзжасам процесіндегі басты меже жаңа атау жасау, туынды сөз

туғызу» [13, 339 б.]. Демек сан-мөлшерлік мағынада қолданылатын *егіз, жалғыз, қос* тәрізді сөздерді сан есім + зат есім үлгісіне салып қарауға болады деген сөз. Қазіргі қазақ тілінде мұндай сөздердің семантикалық жағынан сан есімге жақын екені мойындалды. Сондықтан біз де оларды топонимжасамға сан есім + зат есім үлгісіне жатқызамыз.

*Екі сөзі* – «бірден кейінгі санның аты», есептік сан есім. Топонимжасамда «көбінесе, қатар орналасқан жұп, қос табиғи нысанның» санын білдіреді. Мысалы:

*Екі + шоқ. Қоныс атауы.*

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде қос сөзі екі, егіз мағынасындағы сын есім екені атап көрсетіледі. Топонимжасамда оның екі сан есімінің орнына жүретіні маңызды және қос сөзінен бірігу арқылы жасалған атаулар екі санымен жасалған күрделі атаулардан анағұрлым көп кездесетіні де сол себептен. Мысалы:

*Қос + бармақ. Қоныс атауы.*

*Қос + көл.* Бұлақ ауылының төңірегінде орналасқан көл атауы. Екі қамысты көл қатарынан орналасқандықтан Қоскөл деп атап кеткен.

*Қос + төбе.* Төбешік атауы.

Бес есептік сан есімнен «төрттен кейінгі сан» деген анықтама беріледі [ҚТТС, 2т., 277 б.] Жер-су аттарын жасауда тым белсенді бес сан есімі кейде нақты біртектес бес нысанды, кейде аздаған, шағын топ нысанды атайды. Соңғы мән «бес тал шаш», «бес тиынға тұрғысыз» тіркестерінде байқалады. Мысалы:

*Бес+ата.* Бұлақ ауылының төңірегінде бес әулие жерленген төбешік. Әр жыл сайын бес атаның басына ауыл тұрғындары, шет жақтан арнайы дұға тілеп келген кісілер келіп, құрбан шалып ас береді.

*Бес + шоқы.* Жайлау атауы.

*Бес + төбе.* Төбешік атауы.

*Бес + құдық.* Елдімекен атауы.

*Тоғыз+құдық.* Көл атауы. Көлдің тоғыз шұңқыры болған екен.

*Қыпшақ+тиген.* Қарағай және Ақтас ауылдарының ортасында орналасқан жер. Аталу тарихы жағынан мәлімет жоқ. Шамасы, бір тарихи оқиғаға байланысты қойылса керек. Ауыл ақсақалдарының айтуынша, ертеде бір топ қыпшақ қашып, осы жерді мекендеген дейді.

*Сартай+қонған* – жер. Аласапыран соғыс кезінде өзінің ерлігімен көзге түскен Сартай батыр қонған жер.

*Бабас+қонған* – жер. Аты көпшілікке мәлім Бабас батыр қоныстаған жер.

*Сәбит+қонған* – ағаш. Бұлақ ауылынан 7 шақырым жерде орналасқан. Атақты, жерлес жазушымыз Сәбит Мұқанов Бұлақ ауылына келіп, ауыл тұрғындарымен, ақсақалдарымен жиналып кеңес құратын жер болған. Сәбит Мұқанов үнемі келген кезінде осы ағашқа соқпай кетпейтін екен. Ол кісінің ауылымызға жасаған жақсылығына риза болған ауыл тұрғындары, бір ауыздан осы ағашқа Сәбит қонған деген атау берген. Бұлақ ауылында ең алғаш мектептің ашылуының себепкері жазушы Сәбит Мұқанов болған.

*Өрт + енген* – орман. 1940 жылы бұл жерде орманда өрт болған. Содан бері ол жерлерде жаңадан ағаштар өсіп, орман болса да, осылай атап кеткен.

*Алтын + сай* – орман. Алуа көлінен солтүстік-батысқа, Владимировка селосынан оңтүстік-батысқа қарай орналасқан. Алтынсай деп аталу себебі, орманның төңірегінде алтынға ұқсас ұсақ-ұсақ тастар көп кездеседі, және алыстан қарағанда сай сарғайып бірден көзге көрінеді. Сол себепті Алтынсай деп атап кеткен.

*Бай+тақ* – көл. Есіл өзенінің сол жақ жағалауында, Александровка селосынан батысқа қарай орналасқан. Байтақ кең, жайылған деген мағынада қолданылған.

*Бас + қара + ағаш* – орман. Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Николаевка селосынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан.

*Ділдә + қара + ағашы* – орман. Ертеде Қаратай деген байдың күн десе көзі, ай десе аузы бар сұлу әйелі болған. Айықпас дертке шалдыққан Ділдә сұлу өмірден өтеді. Жарына деген махаббаттан Қаратай бай Ділдәға осы ағашты арнап, жарын осында көмеді де, қасынан өзіне де орын әзірлейді. Содан бері осы ағаш Ділдә қараағашы деп аталып кеткен. Қазіргі күнде Ділдәнің бейітін көрген ешкім жоқ. Бірақ ауыл адамдарының айтуы бойынша әлі күнге дейін осы ағашты Ділдәнің жаны қорғаштап жүреді екен-мыс. Ағашты кеспек болса, үнемі бір жағдай болады екен. Не құрал-саймандары істеп шығып, не болмаса ауа райының жағдайы кедергі болады. Сол себепті бүгінгі күні осы ағашқа ауыл адамдары тек жеміс-жидек жи-

нау мақсатында ғана барады деген әңгіме ел арасына тараған.

*Ближний Угол* – қоныс. Алуа көлінен оңтүстік-шығысқа, Явленка селосынан батысқа қарай орналасқан.

*Большая Сотня* – қоныс. Алуа көлінен оңтүстік-шығысқа, Александровка селосынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Сөзжасамның аналитика-семантикалық тәсілі арқылы, екі түбірдің тіркесі арқылы жасалған.

*Большие Болота* – қоныс. Лузинка селосынан, оңтүстікке, Волошинка селосынан батысқа қарай орналасқан. Екі түбірдің тіркесіу арқылы жасалған. Қоныстың маңайында үлкен-үлкен батпақтар орналасқандықтан осылай аталып кеткен.

*Большое Кривое* – көл. Есіл өзенінің орта ағысының сол жағалауында, Николаевка селосынан оңтүстікке қарай орналасқан.

*Буркит + бай* – қоныс. Меңгесер көлінен солтүсік-батысқа, Петровка селосынан оңтүстікке қарай орналасқан.

*Кәмила + тузан* – қоныс. Заречный ауылының маңында орналасқан ағашты қоныс. Жайлауға көшкенде сол ағаштың қасында қыз бала дүниеге келген екен.

*Төре + келді* – қоныс. Заречный селосы. Баяғыда төрелер жылына бір рет осы жерде бас қосып, ел мәселелерін шешіп, кеңес құрып жиылатын болған деседі. Төрелер келгенде киіз үй тігіп қарсы алған жер

болғандықтан ауыл адамдары қонысты Төрегелді деп атап кеткен.

*Қой + жуган* – көл. Тауағаш ауылы маңындағы шағын көл, ерте кездері көл арқылы отар-отар қой айдап өткен, сондықтан осындай атау берілген.

*Мол + шапқан* – ағаш атауы. Заречный селолық округі. Осы орман айналасынан ауыл тұрғындары ма-я-мая шөп шапқан.

*Өгіз + өлген* – көлшік. Бұл жерге байланысты та-раған аңыз: ертеде тың игеру жылдары ауылда қан-шама мал қырылып, жер жыртуға жарайтын мал қал-маған екен. Сол кезде ауылда Сопық дейтін шалдың бір үлкен, ірі өгізі болыпты. Сол өгіз арқылы ауыл адамдары жер жырттып, егін салып савхоздың адамда-рын азықпен қамтамасыз етіп отырған. Қайғы келсе жалғыз келмейді дегендей бір күні сол өгіз ауылдың сыртында шалшыққа барып су ішпек болып батпаққа батып өлген деседі. Содан бастап сол жерді Өгізөлген деп атап кеткен екен.

*Кебеже қойған* – орман атауы.

*Татар шабындықтары* – қоныс. Алуа көлінен оңтүстік-батысқа, Александровка селосынан сол-түстік-шығысқа қарай. Татар халқы қоныстанып, шөп шабатын жерлері болған.

*Терең + құдық* – қоныс. Үлкен Тораңғұл көлінен солтүстік-батысқа, Николаевка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Бұл қоныста үлкен, терең құдық болған екен. Ауыл тұрғындары оның тереңдігі-не тамсанып осы қонысқа Тереңқұдық атауын берген.

*Сары + қамыс* – қоныс. Меңгесер көлінен оңтүстікке, Николаевка селосынан шығысқа қарай орналасқан. Сарықамыс деп аталу себебі осы жерде қамысты көлшік болған деседі.

Қазақ тілі сөзжасамын зерттеуге қатысқан ғалымдардың барлығы (А.Ысқақов, С.Исаев, Н.Оралбаева, Ғ.Қалиев, А.Салқынбай т.б) бірауыздан синтетикалық тәсілді сөзжасамның ең өнімді тәсілі деп таниды. Оның себебін тілші-ғалым, профессор Қ.Шаяхметұлы былайша атап көрсетеді: «Сөзжасам мен сөзөзгерімнің басқа да амал-тәсілдері бар болғанмен, солардың ішінде қосымшалар ең пәрменді, төтенше шара ретінде қазіргі сөздің құрылымдық құбылыстарында өзгеше оқшауланады. Бұл жағдайдың ақиқат-шындық екендігі түркі тілдерін бүтіндей типологиялық беті бойынша аглютинативті (жалғамалы) деп танудан-ақ байқалса керек. Демек, қосымшаларды түркі тілдерінің дериватологиялық және морфологиялық бейне-бітімін жанжақты ашып білу үшін қажетті басты тетік, кілт десе де болғандай [18, 8 б.].

Синтетика-семантикалық тәсіл арқылы сөз жасау лексикалық мағыналы сөз + сөзжасамдық жұрнақ үлгісі бойынша жүретіні белгілі. М: *көрер-мен, жүлде-гер, сән-қой* т.б. Мұндағы «лексикалық бірліктерге қойылатын негізгі талап оның лексикалық мағынасы болуы» және «оның тұлғасы мен құрамына ешбір шек қойылмайды, сондықтан туынды сөздің қызметін негізгі түбір сөз де, қысқарған сөз де атқара береді [17, 203 б.].



«Қазақ грамматикасы» лексикалық бірлік, негіз сөз деп атап отырған терминді А.Салқынбай себепші негіз деп атайды да, «синтетика-семантикалық сөз-жасамдық тәсіл арқылы жасалған атау мағынасы себепші негіз бен сөз туғызушы тұлғаның мағынасы арқылы пайда болады» дейді [13, 205 б.].

«... синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды түбірлердің құрамындағы морфемалардың әрқайсысының орны бар, негізгі морфема бірінші орында тұрады, көмекші морфема яғни жұрнақ екінші орында тұрады. Туынды түбірдің құрамындағы морфемалардың орны тұрақты», – дейді «Қазақ грамматикасының» авторлары [19, 204 б.].

### **Топонимжасамның өнімді қосымшалары**

#### *1. -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті*

Бұл жұрнақ «бір заттың я басқа бір құбылыстың бар екенін, я мол екенін білдіретін туынды сын есімдер жасайды: аралы, атақты, шөпті [20, 181 б.]. Сын есім сөзжасамының аса өнімді жұрнақтарының біріне жататын - лы, -лі топонимжасамда да тым белсенді. Белгілі бір заттың, не құбылыстың атына жалғана отырып «сол заттың, не құбылыстың белгілі бір жерде бар, мол екенін» атап көрсетеді. Бір нәрсенің бар екені, мол екені де заттың ерекше белгісіне жататыны логика заңына қайшы келмейді. М.: Ащылы, Жиделі т.б. Талдыағаш (төбешік), Тастыкөл (көл), Тастыкөл (қоныс), Шағалалы (көл) осы жұрнақтың көмегімен жасалған.

## 2. -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік

Бұл сөз тудырушы тұлға қазіргі қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркі тілдерінде кең қолданылатын өнімді жұрнақ болып табылады. –лық, –лік, қосымшасы, негізінен, түбір зат есімге жалғанып, туынды зат есімдер жасайды: қазандық, кісілік, айлық т.б.

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік аффиксі топоним-жасамда тым белсенді емес, бірақ «бір зат не құбылыстың белгілі бір табиғи нысанда бар екенін, мол кездесетіндігін және табиғи нысанның әлдекімнің меншігі, туған жері екенін» білдіретін мағыналарда біршама көркем атаулар жасауға қатысады: Алмалық, Қашқаралы, Бірлік.

## 3. -ар, -ер, -р, -с

Есімшенің келер шақ түрі (А.Ысқақов), болжалды келер шақ түрі деп аталып жүрген –ар, –ер, –р, –с жұрнақтары қандай сөзге жалғанса да, «семантикасы жағынан үнемі келер шақ мағынасын білдіреді» [20, 314 б.]. Есімшенің бұл түрі есімдерше түрленеді, бірақ көптік жалғауын ғана қабылдамайды. Сондықтан болжалды келер шақ есімшелер конверсияланып, зат есімдерге айнала алады.

Дәл осы субстантивтену қасиетті келер шақ есімшенің жалқы есімдер жасауға қатысуына жол ашады. Топонимжасамда –ар, –ер, –р, –с форманты «табиғи нысанның келер шақтағы міндетін айқындап қана қоймайды, ондағы үнемі болып тұратын тұрақты бір процесті» де атап көрсетеді. Мысалы: *Отырар, Құсқонар, Майемер.*

#### 4. -шық, -шік

А.Бісқақов –шық, -шік жұрнағын – шақ, -шек жұрнағының қысаң түрі деп есептейді және зат есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақтары тобына жатқызады [19, 167 б.].

Топонимжасамда –шық, -шік форманты, сөзжасамдағы тәрізді, кішірейту мағынасында қолданылады. Мысалы: Кезеңшік, Таушық, Төбешік.

#### 5. -қы, -кі, -ғы, -гі

Бұл қосымша әрі етістік негізді зат есім, әрі есімі, етістік негізді сын есім жасауға қабілетті болып келеді. –қы, -кі дерексіз сөзді де, термин сөзді де қалыптастыруы мүмкін.

Топонимжасамда «табиғи нысанның сипатын және мекен, бағытын білдіретін» атаулар жасауға қатысады.

*Бір+лік* – ауыл. Таза қазақ ауылы. Бұрындары Ульяновский бөлімшесі болған. 1996 жылы жеке бөлініп шығады. Ауыл болып 1926 жылы қалыптасады. Көрші жатқан ауылдарды біріктіріп, бір ауыл қылған екен.

*Орта + лық* – ауыл. 1928 жылы шағын ауылдардан (Шоңай, Уанас, Есенбай, Сансызбай, Арал, Алыбай) шағын «Мойынты-Серік» ауылы құрылды.

*Қарағай + лы* – орман. Ылғи қайыңның ортасында бір қарағай ағашы бар екен, сондықтан осылай аталған.

*Жел + ді + өзек* – қоныс. Балықты көлінен оңтүстік-батысқа, Покровка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан.

*Көл + ді + бажаң* – қоныс.

*Қоян + ды* – қоныс. Балықты көлінен солтүстік-батысқа, Покровка селосынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Орман жағалай орналасқан бұл қонысты қояндар көп мекендейді екен. Сол себепті Қоянды аталып кеткен.

*Мола + лы* – көл. Көл маңайында молалар саны өте көп болған көрінеді. Бұл жерде сөз тудырушы -лы жұрнағының қызметі айқын көрінеді.

*Бір + інші* – орман. Үлкен Тораңғұл көлінен солтүстік-батысқа, Ильинка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай орын алған. Реттік сан есім заттардың барлық санын білдірмейді, бір заттың қатарын, орнын, рет санын анықтап тұрады. Бұл оның сөзжасамдық қызметін белгілейді. Топонимжасамда «біртекті табиғи нысандарды, елді мекендерді таңбалайды, кейде атау жетпей қалғанда, реттік сан есімді пайдалану үрдісі кездеседі». Қатарынан тұрған қайыңды ормандарды ажырату үшін «бірінші, қос, үшінші» деп атап кеткен.

*Қайың + ды* – орман. Қайың аралас ағаштар шоғыры. Қайыңы көп болған соң, қайыңды жер дегеннен аталып кетсе керек. Топоним туынды сын есімнен жасалған. Суреттемелі, сипаттамалы топоним, «қайың» зат есіміне сын есім тудыратын – ды жұрнағының жалғануы арқылы жасалған. Дәл осындай морфологиялық тәсілмен жасалған көл атаулары да жоқ емес.

*Тал + ды* – көл. Жағалай талдармен көмкерілген ортасындағы көлді «Талды көл» деп атаған.

*Кіндік + ті* – көл. Кіндігі бар көл, яғни суы кіндігінен шығып отырған. Осы көлдің орнында бұлақтың көзі өз еркімен ашылып, «Кіндікті» деп аталған.

*Жылым + ды* – көл. Алқа ауылы. Ауылдың оңтүстігінде төрт шақырым жерде орналасқан. Жаналық пен Алқа ауылының орта тұсында. Кей деректерде «Жыланды» деп те аталып жүр. «Жылым» сөзі түсіндірме сөздіктерде былай берілген: өзен мен көлдің қыста қатпай жататын терең жері. Шамасы бұл нұсқа да дұрыс болар, өйткені көл шынымен де терең екен. Ауылдықтардың айтуына қарағанда «жылым» сөзі «ау» деген мағынаны береді. Кезінде осы көлден балық аулайтындардың қарасы көп болған. Кешкісін барып, ау құрып, балыққа кенелгендіктен, жұрт бұл көлді осылай атап кеткен екен.

*Сүлік + ті* – көл. Көлде сүлік өте көп кездеседі. Адамдар суға шомылған сайын сүліктер үсті-басына жабысып қалады екен. Сол себепті сүлікті деп атап кеткен.

*Балық + ты* – көл. Алқа ауылының солтүстік-шығысында орналасқан көл. Суы тұщы, сілтілі, егіс суғаруға пайдаланылады. Ауылдан үш шақырым жерде. Көл үш ауылға тиесілі. Олар: Алқа, Қарағаш, Камантерен. Аты айтып тұрғандай, балыққа лық толы болғандықтан, «балықты» аталып кеткен. Көбіне-көп алабұға, шортан кездеседі. Әсіресе көктем мезгілінде, кемеріне келген шақта. Қар суымен толады.

*Жол + ды* – қоныс.

*Қоша + лы* – қоныс.

*Талап + кер* – ауыл. Есіл ауданына қарасты ауыл. Бұрын бұл ауыл «Аю ауылы» деп аталған. Жоғарыда толығырақ түсіндіріледі.

*Жаңа + лық* – ауыл.

*Бұр + лық* – елді мекен.

*Амал + дық* – қоныс.

*Көл + дер* – қоныс. Жалғаулар сөзжасамға қатыспайтын болғандықтан, даяр күйінде семантикалық жолмен жалқы есімге айналған деуге болады. Алайда көптік жалғауы сөзге көптік, сонымен бірге сол заттардың әркелкі екенін білдіретін мағыналар үстейтін және көптік жалғаудың сөйлем ішінде сөз бен сөзді байланыстыру қабілетінің жоқтығын ескеріп, жұрнақтар қатарына бейімдейтін пікірлер де бар. Қалай болса да көптік жалғауы «тектес табиғи нысанның біреу, екеу емес, бірнешеу» екенін атап көрсету арқылы топонимге айналғанын көреміз.

*Қоқ + аң* – қоныс. Сөздің құрамындағы –аң, -ең, -ң қосымшасы өнімсіз жұрнақтар қатарына жатады. Оның үстіне сөзжасамдық белгіге қарағанда, кішірейту мәні, яғни сөзтүрленімдік ренк басымырақ болып келеді. Топонимжасамда «табиғи нысандағы бір ерекше белгінің толық емес, бәсең сиптын анықтап тұрады».

*Ық + ша* – көл. Корнеевка селолық округі. Қазақ тіліндегі қосымшалардың қосқызметтілігін арнайы зерттеген ғалым профессор Қиянат Шаяхметұлы –ша, -ше аффиксінің әрі сөзжасамдық, әрі сөзтүрленімдік қызметі бар деген И. Е Маманов пен С. Усмановтың

пікірлерін қолдай келіп, былай дейді: «-ша//ше аффиксінің басты, бірінші қызметі – сөз түрленімдігі де бар» [18, 124 б.]. Топонимжасамда –ша, -ше форманты тым белсенді болмаса да, «табиғи нысанның кішілеу, шағын тұлғасын, солғын тартқан бояюуын» атап көрсеті арқылы әдемі атаулар қалаыптастырады.

Ықшам көлінің аталу себебі - ықта орналасуына қарай ауыл адамдары «Ықша көлі» деп атаған.

Есімше сөйлемде әрі етістік, әрі сын есім орнына жүретін етістіктің функциялық формаларының бірі болып табылады. Есімшені жасайтын – *ған*, - *ген*, - *қан*, - *кен*; - *ар*, - *ер*, - *р*; - *атын*, - *етін*, - *йтін*, - *йтын*; - *ушы*, - *уші*; - *мақ*, - *мек*, - *бақ*, - *бек*, - *пақ*, - *пек* жұрнақтары түбір, туынды етістіктерге жалғана береді.

Алайда «есімше жұрнақтарының қызметі – өзі жалғанған етістіктің аңғартатын мағынасын өзгертпей, заттың қимыл-әрекет арқылы білдіретін белгісін жасау.

Топонимжасамға есімшенің – *ған*, -*ген және - ар*, -*ер*, - *р* форманттары белсене қатысады да, алдымен атрибуттық мағынаға ие болып, одан соң заттану арқылы жалқы есімге айналады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Халқымыз ежелден-ақ жер - су, елді мекендерді атауға ерекше мән берген. Көшпенді өмір салты қазақ халқын табиғатқа етене жақын болып, оның төл баласындай күй кешуге, қыр-сырын барынша меңгеруге жағдай жасаған. Тарихы терең бой алатын ұлттық географиялық атаулар, сол жергілікті жердің ерекшеліктерін нақты көрсетіп, қыр-сырын барынша ашып тұрады.

Еліміздегі атаулардың қазақылығы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басына дейін сақталды. Ресейдің отарлау саясатының күшеюіне байланысты, әсіресе Кеңес Үкіметі орнаған соң, ел, жер-су атаулары өрескел өзгерістерге ұшырады. Александровка, Сергеевка, Курский сияқты атаулар қазақтың кең даласында қаптап кетті. Ал, бүгінгі күні тәуелсіздік орнаған заманда топонимдерімізді бір ізге келтіру, шығу тарихын саралау біздің негізгі міндетіміз болып табылады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың («Егемен Қазақстан», 14.10.2011 ж.) «Қазақстандағы барлық жер атауларының сөздігін шығарып, қай атау қандай жағдайда, қандай мағынамен қойылған, ол сөздің түпкі түрі қандай болған дегенді ғылыми тұрғыдан анықтап, көрсету керек. Жеріңе қойылған ат еліңнің ұрпақтарға қалдырып кеткен хаты сияқты ғой» деген құнды пікірі өміршең.

Топонимиканың қоғам өмірінде алатын орны өте зор. Өйткені, адамдардың өмірлік, өндірістік және



қоғамдық іс-қимылдары өзіндік атаулары бар көптеген нысандардан тұратын географиялық ортаның барлық аясында, нақты аумақтық кешендерде өтеді. Сондықтан географиялық нысандардың атаулары барлық уақытта сан-алуан міндеттерді орындайды, оларсыз ешбір қоғамдық формацияның өмір сүруі қиындыққа соғар еді. Барлық бағытта әрқилы ақпараттармен халықаралық тұрғыда алмасудың өскелең тасқыны географиялық атауларды біздің күнделікті өмірімізге өте қажетті және міндетті атрибуттарға айналдырды. Топонимдер ұдайы толыға және жаңара отырып, өткен қоғамның да, қазіргі қоғамның да жан-жақты сұраныстарына қызмет етті және қызмет етуде, олар тарихтың жалғастырғыш құралы бола отырып, болашақ ұрпақтарға да қызмет етпек.

Топонимжасамның негізгі мақсатының бірі – тарихи топонимдерді сақтап қалу. Әр атауда сол халықтың дүниетанымы, ұлттық өзіндік бейнесі кумулятивті түрде жинақталатыны дәлелденген. Байырғы атаулардың құндылығы да сонда, оларды қандай атақты адамның атына, қандай әдемі сөзге айырбастауға болмайды.

Сөзжасам лексикамыздағы барлық сөздерді қамтитындықтан, жалқы есімдердің жасалуын да қамтамасыз етеді. Сондықтан, біз, жер-су аттарының жасалуын «топонимжасам» деп бөлек атап, сөзжасам аясында қарастырдық. Қазақ тіліндегі туынды топонимдерді аналитика-семантикалық, синтетика-семантикалық топтарға

бөліп, оларға тән жеке-жеке үлгілерді барынша қамтып көрсетуге тырыстық.

Топонимтанушы – ғалымдардың барлығы дерлік түркі топонимиясында аналитика-семантикалық тәсілмен жасалатын жер-су аттарының мол кездесетінін ескеріп, негізгі топонимжасам типіне жатқызады. Аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған атаулар ішінде біріккен топонимдердің үлес салмағы басым болып келеді.

Қазақ тілінің сөзжасамында синтетика-семантикалық тәсіл ең өнімді тәсіл деп танылады. Алайда қазақ тілі топонимжасамында синтетикалық тәсіл жалпы сөзжасамдағыдай өнімді емес.

Жұмыста жүргізілген талдаулар бойынша мынадай қорытындылар жасауға болады:


- Топонимдердің ұзақ уақыт бойы қалыптасқан өзіндік табиғаты және өзіне тән түрлері, шығу тарихы бар екендігі анықталып, дәлелденді.

- Топонимика мағынасы, қызметі - ұзақ жылдардың жемісі, олардың қолданылу заңдылықтары да орныққан, онда кездейсоқтық жоқ;

- Қызылжар және Есіл ауданында кездесетін жер-су, орман, көл, батпақ, т.б атаулары мол және олардың өзіндік шығу тарихы бар;

- Осы аудандардағы топонимдерді зерттей келе, олардың мағыналық тобына байланысты жасалу тәсілдері талданды.

Солтүстік Қазақстан облысының картасы



Қызылжар ауданының картасы



Есіл ауданының картасы



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Ертісбаев Е., Қажыбек Е. Ономастикалық хабаршы. –Астана. 2006. 79б.

2. Байтұрсынұлы.А. Тіл тағылымы. -Алматы: Ана тілі, 1999. -141б.

3. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. –Алматы: Ғылым, 1988. -140 б.

4. Қазақ ономастикасының мәселелері. -Алматы: Ғылым, 1986. – 136 б.

5. Жанұзақов Т.Ж, Қ.Рысберген. Қазақ ономастикасы. Жетістіктері мен болашағы. -Алматы, 2004. -199 б.

6. Ахметтану тағылымдары (ғылыми мақалалар жинағы). - Алматы: Ғылым, 1998. - 294 б.

7. Морозов М.А. Петропавловск северные ворота Казахстана,-Омск. 1993г. стр 113.

8. Ономастикалық атаулардың көрсеткіш-анықтамалығы. - Өскемен: Рекламный Дайджест, 2008. - 136 б.

9. Мәдиева Г., Иманбердиева С. Қ.Ономастика: зерттеу мәселелері 2005. - 240 б.

10. Бірмағанбетова Ә., Мамырова Қ. Географиялық сөздік. Алматы. 1992. -174 б.

11. «Есіл» деп неге аталған? Жер-су аттары жайлы // Солтүстік Қазақстан. 2003. – 10 ақпан. №1 саны.

12. Ысқақов Ж., Рәшитұлы Т. Асқақтатқан ауылым. - Астана: Ақарман-медиа. 2011. – 442 бет.

13. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері // Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың ре-

спубликалық үйлестіру-әдістемелік орталығы. – Астана. 2013. – 423 б.

14. Молчанова О.Т Топонимический словарь Горного Алтая. - Тюмень, 2008. – 397 стр.

15. Мурзаев Э.М. Тюркские географические названия. – Москва: Восточная литература, 1996. – 230 стр.

16. Молчанова О.Т. Структурные типы тюркских топонимов Горного Алтая. – Изд-во саратовского ун-та, 1982. – 256 стр.

17. Ысқақов Ж., Рәшитұлы Т. Асқақтатқан ауылым. - Астана: Ақарман-медиа. 2011. – 442 бет.

18. Шаяхметұлы Қ. Қазіргі қазақ тілі (Сөзжасам – дериватология, сөзөзгерім – морфология). – Семей: Талер-Пресс, 2007. – 334 бет.

19. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы: Мектеп, 1974. – 408 бет.

20. Құламанова З. Антропонимдерге қатысты қойылға атаулар // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2007. – 3 желтоқсан. №1 саны.

21. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы.- Астана. 2016. – 400 б.

22. Ахметжанова Г., Мәлкова С., Оспанов К., Тайшыбай З. Атамекен атаулары. Петропавл. 2015. -343 б.

23. Солтүстік Қазақстан облысының тарихи және қазіргі атаулары. Астана. 2017. – 156 б.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
Ономастика ғылымының салалары мен зерттелуі.....	7
Солтүстік Қазақстан облысының орталығы.....	18
Қызылжар ауданының топономикасы.....	23
Елді мекендер атауларының шығу тарихы.....	26
Өзен-көл атауларының шығу тарихы.....	34
Қызылжар ауданының орман, тоғай атаулары.....	41
Ономастикалық атаулардың жасалу жолдары.....	44
Жер-су атауларына байланысты аңыздар.....	61
Есіл ауданының топонимдері.....	67
Оронимдер.....	81
Микротопонимдер.....	83
Гидронимдер.....	87
Есіл ауданындағы топонимдердің жасалуындағы амал-тәсілдер мен тілдік ерекшелігі.....	90
Қорытынды.....	118
Қосымша А.....	121
Қосымша Ә.....	122
Қосымша Б.....	123
Пайдаланылған әдебиеттер.....	124



**Таласпаева Жанар Серкешқызы  
Есмадова Меңдіқыз Тілеужанқызы**

**ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ТАРИХЫ МЕН  
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

Редакторы *А. Социалова*  
Көркемдеуші редактор *Д. Құрбанов*  
Техникалық редактор *М. Оразбекова*  
Компьютерде беттеген *Г. Тасыбаева*

ИБ № 019

Теруге 16.10.2017 берілді. Басуға 20. 11. 2017 қол қойылды. Пішімі 70x901/16.  
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылым. Өріп түрі «Arial». Шартты баспа табағы 7,44.  
Есептік баспа табағы 7,95. Таралымы 500 дана. Тапсырыс №1852.

Отпечатано в типографии ТОО «ARDAprint»

**Директор типографии – Маншук ОРАЗБЕКОВА**

010009, г. Астана, ул. Жанарыс-40.

Тел.: +77051384594, +77015551732,

факт 13007  
кажд

ОУНБ Петропавловск



